СҮЙІНШІ, АҒАЙЫН! 7
Қазақтан шыққан тұңғыш әскери химик-генералы 12
Ассамблея народа Казахстана 15

AUEZOV UNIVERSITY 1943
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті
# Университет
№6 (212), мамыр, 2023 ж.

## ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР, ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР, СТУДЕНТ ЖАСТАР!

**Сіздерді еліміз үшін маңызы ерекше қос мерекемен - 7-Мамыр - Отан қорғаушылар күнімен, 9-Мамыр- Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!**



1992 жылдың 7-мамырында Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстанның Қарулы Күштері құрылған болатын. Бұл күні біз еліміздің егемендігі мен ұлттық мүддесін қорғайтын, еліне адал қызмет ететін әскери қызметкерлерге құрмет көрсетеміз. Халық батыры Бауыржан Момышұлы: «Патриотизм деген құрғақ сөзбен емес, іспен дәлелденеді. Намысы жоқ адам -ерлік жасауға қабілетсіз, ал ерлік-ұзаққа созылған тәрбиенің жемісі. Жастардың Отан қорғау қызметін атқарып қайтуы - адамгершіліктің ең асыл парызы», - деген болатын.

Сонымен қатар біздің еліміздің тарихында 9-Мамыр- Жеңіс күнінің алатын орны да ерекше. Бұл – Отанның азаттығы мен жарқын келешегі үшін өз өмірлерін құрбан еткен боздақтардың рухына тағзым ететін күн. Ұлы Жеңістің 78-ші жылдығын Қазақстан әрдайым бейбітшілік пен татулықты жақтайтын мемлекет ретінде қарсы алуда.

Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда еліміздегі бірлік пен келісімді сақтаудың маңыздылығы онан әрі арта түсуде. Қоғамдағы тұрақтылық – еліміздің әрбір азаматы көзінің қарашығындай сақтап, ат салысатын ізгі құндылық екендігін естен шығармауымыз керек.

Осы орайда ел іргесін берік етіп, халқымыздың тыныштығын нығайтуға М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті де өз үлесін қосуда. Биыл - университетіміздің әскери **кафедрасының 60 жылдық** мерейтойы. Мұнда **7 әскери-есептік мамандық** бойынша запастағы офицерлер және **10 әскери-есептік мамандық** бойынша запастағы сержанттар дайындалады.

Кафедра негізі қаланған уақытынан бастап, қазірге дейін **18020 офицер мен 900-ге жуық запастағы сержанттарды** дайындады. Оқытушы-профессорлар құрамы полковник, подполковник, майор әскери атақтарына ие **24 тәжірибелі офицерден** тұрады. Қазіргі уақытта әскери кафедрада **653 студент** білім алуда.

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, СТУДЕНТ ЖАСТАР!

Сіздерді қос мерекемен құттықтай отырып, Отанымыз - Қазақ Еліне деген патриоттық сезімдеріңіздің күшейіп, сүйіспеншіліктеріңіздің арта беруіне, еліміздің аспанының ашық, көк туымыздың жеңіс тұғырында желбірей беруіне тілектеспін!

Баршаңызға зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс, әрбір шаңыраққа бақ-береке тілеймін!




**М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы-Ректор**
**Д.П. Қожамжарова**

# Президент Казахстана возложил цветы к Ржевскому мемориалу Советскому солдату



Касым-Жомарт Кемелович посетил мемориал советского солдата в Ржевской области и воздал дань уважения духам казахстанских воинов, погибших в 100-й и 101-й стрелковых дивизиях. Битва на дне Ржева стала одной из крупных атак в годы Великой Отечественной войны. В бою на дне Ржева приняли участие около 22 тысяч солдат и офицеров из Казахстана. Всего советская армия потеряла в этом бою более 1,3 миллиона солдат, в том числе пропавших без вести и раненых.

Заодно Президент возложил цветы на кладбище Братьев в с. Трубино и посвятил душам погибших солдат Коран. Здесь похоронены более 2 тысяч солдат.

Также сегодня Президент страны принял участие в военном параде на Красной площади в Москве к 78-й годовщине Победы во Второй мировой войне и церемонии возложения цветов к могиле Неизвестного солдата.

Шаг, сделанный президентом страны Касым-Жомартом Кемеловичем, согласно всем дипломатическим принципам, олицетворяет надежду на будущее страны. Этот визит Главы государства, несомненно, был духовно ценной поездкой, показавшей поколения заступничества и последствия для следующего поколения.

Это событие, которое подчеркивает прочность дружбы соседних государств за три тысячелетия, является единственным признаком вечного сохранения независимости страны.

Поддерживаем мероприятие, которое политически актуально и в духе прославления прошлого.

# Университет басшысы техникалық бағыттағы ғалымдармен кездесті




2023 жылдың 25 сәуірінде М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма төрағасы - Ректоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы Қожамжарова Дария Пернешқызы техникалық бағыттағы ғалымдармен Силикаттар технологиялары және металлургия» кафедрасында дөңгелек үстел өткізді.

# ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

03.05.2023 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде Әдеп жөніндегі кеңестің мәжілісі өтті.

Мәжіліс барысында ата-анадан түскен арыз негізінде университет докторанты іс-әрекетінің Әдеп кодексі нормаларына сәйкестігі қаралды.



# Делегация ЮКУ им. М.Ауэзова посетила г. Ташкент



Делегация Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова во главе ректора Кожамжаровой Д. П. находится с официальным визитом в рамках Совместной Межправительственной комиссии по двусторонему сотрудничеству между Республикой Казахстан и Республикой Узбекистан, который проходит с 4 по 5 мая 2023 года в г. Ташкент. В первый день визита ЮКУ приняли участие в двусторонней встрече во главе вице-министра высшего образования и науки Республики Казахстан Ергалиева К.А. и первого заместителя министра высшего образования, науки и инноваций Каримова К.Х. Одним из вопросов сотрудничества между двумя странами на встрече являлся открытие филиалов ВУЗОВ на паритетной основе.

В рамках визита с целью ознакомления делегация посетила вузы - партнеры, такие как Ташкентский институт инженеров ирригации и механизации сельского хозяйства, Чирчикский государственный педагогический университет, Узбекский государственный университет физической культуры и спорта.

По завершению первого дня с Узбекским государственным университетом физической культуры и спорта был подписан меморандум о сотрудничестве.

# ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ПАТРИОТТЫҚ ДИКТАНТ ЖАЗЫЛДЫ

2023 жылғы 4 мамырда қазақстандықтар Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Отан соғысындағы жеңіс күніне орай «Еркін ел ұрпағы» тақырыбында жалпыұлттық патриоттық диктант жазды.

Республика бойынша бір уақытта басталған жалпыұлттық диктантқа Әуезов университетінің студенттері мен профессор-оқытушылары қатысты.

Республикалық патриоттық диктантта қазақ елінің басты құндылығы – Тәуелсіздік дәріптеліп, ұрпаққа мирас болып болып қалған киелі жерлер жайында айтылады. Сонымен қатар қазіргі таңдағы тілдерді жетік меңгерген, білімді, заманауи жастармен ел болашағының жарқын екендігі баяндалады.



# Мастер-класс для студентов на тему «Новое медиа, медиаэтика




11 мая 2023 года в Южно-Казахстанском университете имени М.Ауэзова состоялся Мастер-класс для студентов на тему «Новое медиа, медиаэтика: Призма реальности и профессионализма» от доктора PhD, профессора в области радио-телевидения и кинематографии Международного Казахско-Турецкого университета имени Х. А. Ясави Ергебекова Молдияра Амангельдиевича.

В ходе визита в наш университет Молдияр Амангельдиевич ознакомился с работой центра «Мухтароведения», а также через специальную книгу пожелал будущей молодежи свои искренние пожелания. Также М. Амангельдиевичу презентовали «Телестудию», которая недавно была передана для начинающих корреспондентов. В ходе презентации юные корреспонденты смогли получить от почетного гостя ответы на интересующие себя вопросы.

В своем мастер-классе М.Амангельдиевич рассказал молодежи о важности принципов этики в обществе и журналистике.

# Жеңіс күніне орай мерекелік іс-шара атап өтті



М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің ұйымдастыруымен 7 мамыр Отан Қорғаушылар және 9 мамыр Жеңіс күніне орай мерекелік іс-шара атап өтті. Колледж директоры С.Н. Әлібек мұғалімдерді құттықтап, алғыс хатпен марапаттады. Іс шара барысында әскери шеру болып, белсенді студенттердің орындауында концертік бағдарламаға ұласты.

# 7-мамыр Отан қорғаушылар күні мен 9-мамыр Жеңіс күніне арналған «Елін қорғау - Ерге серт!» атты салтанатты іс-шара өткізілді



Бүгін университет қабырғасында туған елдің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін жанын қиған боздақтарымыздың ерліктерін еске алу және бейбіт өмір сақшыларын құрметтеу мақсатындағы салтанатты іс-шара өткізілді.

9-мамыр- Жеңіс күні мерекесі қашанда батылдық пен ерліктің, қаһармандықтың символы, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі.

Сонымен қатар биыл М.Әуезов атындағы ОҚУ Әскери кафедрасының құрылғанына 60 жыл толуына орай кафедра қызметкерлері марапатталды.

Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен гүлденуі де – осынау мерекенің жемісі болып табылады.

Сондай -ақ, аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз. Еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, денсаулық, мол бақыт және бейбіт ғұмыр тілейміз!

Барлық құрметті ерлер қауымын Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

# Проведено праздничное мероприятие «Песни военных лет»

В честь 78 -летия Дня Победы, 9 мая в 10:00 на «Карте героев» студенты ЮКУ им М.Ауезова под руководством к.п.н Тарасенко Т.В., совместно с Акимиатом, Соотечественниками, церковной школой и школьниками города организовали и провели праздничное мероприятие «Песни военных лет». Студенты и школьники на двух языках читали стихи, посвященные доблестным воинам, исполняли военные песни под аккордеон, возложили цветы к памятнику героям. На «Карте героев» похоронены 97 участников Великой Отечественной войны, солдаты и офицеры.

Каждый год жители города приходят поклониться павшим солдатам.

Благодаря таким мероприятиям мы сможем сохранить традиции нашего народа, воспитать патриотизм у молодого поколения, уважать историю своей страны



# Познавательная постановка в честь 9 мая

В честь 9 мая Дню Победы Сайрамский национальный театр поставил в нашем университете познавательную постановку о подвиге и самоотверженности легендарного Б. Момышулы и о трагедии Великой Отечественной войны.

Главной целью данного спектакля является повышение уважения к старшему покалению, ставшими жертвой жестокой войны за независимость и свободу.





Тараз қаласында өткен Қазақстан Республикасының XIV Ұлттық жастар Дельфий ойындарының Аймақтық іріктеу кезеңінде университетіміздің Қаракөз би ансамблі 1-орын иегері атанып, Республикалық байқауға қатысуға жолдама алды!

# Алматы қаласында «6В09111-Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша өткен пәндік олимпиадада студенттеріміз алдыңғы қатарда



«Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу Университеті», КЕАҚ-да ҚР Жоғары оқу орындары студенттері арасында өткізілген пәндік олимпиадада Республикамыздың 7 жоғарғы оқу орындарының 21 үздік студенттер арасынан білім ордамыздың 6В09111-Ветеринариялық медицина білім беру бағдарламасының АП-20-8к2 тобының студенті Мырзақанқызы Дина жүлделі 2 дәрежелі дипломмен, АП-20-8к3 тобының студенттері Тағаева Мерей Нұрланқызы мен Исабаева Айару Қанатқызы белсенділік танытқандары үшін алғыс хаттармен марапатталды!

Студенттеріміздің алар асулары көп болсын!!!

# Ценности честности, добропорядочности и последствия коррупции пропагандировались через театрализованную постановку



12.05.2023 года в Южно-Казахстанском университете им.М. Ауэзова была проведена театрализованная постановка о ценностях честности, добропорядочности и последствиях коррупции.

Постановка была организована в рамках совместного Плана мероприятий между департаментом Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции по городу Шымкент и Южно-Казахстанским университетом имени М. Ауэзова на 2022-2023 учебный год.

На спектакле народно-молодежного театра «Думан» кафедры «Культурно-досуговая и сценическая деятельность» факультета «Культура и искусства», присуствовали руководящий состав, профессорско-преподавательский состав и обучающиеся университета.

Через сценическую постановку зрителям пропагандировались проявления бытовой коррупции в обществе в креативном формате.

# «Машинажасау» білім беру бағдарламасы бойынша Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде өткен Республикалық олимпиадада студентіміз жүлделі 2-орынға ие болды



Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде 2023 жылдың 27-28 сәуірінде «Машинажасау» білім беру бағдарламалар тобы бойынша «Машинажасау өндірісінің технологиялық процестері» және «Машина бөлшектері және конструкциялау негіздері» пәндерінен студенттерге арналған XV Республикалық олимпиада өтті. Пәндік олимпиада нәтижесінде М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Механика және мұнайгаз ісі факультетінің ММГ-19-13тк тобы студенті Аманжол Аружан «Машинажасау» білім беру бағдарламасы бойынша 2 орын иегері атанды.

# «Жас ғалым» грант иегері PhD доктор, қауымдастырылған профессор Жакипбаев Бибол Ермуратович



2023-2025 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерін гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың нәтижесінде AP19177448 «Минералды аморфты-кремнеземді шикізатты одан қабырғалық жылу оқшаулағыш материал ала отырып инновациялық кешенді өңдеу» жобасымен PhD доктор, қауымдастырылған профессор Жакипбаев Бибол Ермуратұлы грант ұтып алды. Жоба «Геология, минералдық және көмірсутекті шикізатты өндіру және өңдеу, жаңа материалдар, технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар» басым бағыты бойынша 2023-2025 жылдары орындалатын болады. Жоба шеңберінде қабырғалық жылу оқшаулағыш материалды синтездеу кезінде негіз ретінде аморфты-кремнеземді шикізатты кешенді өңдеудің қалдықсыз технологиясы жасалатын болады. Жас ғалым Жакипбаев Бибол Ермуратұлын құттықтаймыз!

# Доктор PhD Асылханкызы Айгерим выиграла грант «Жас ғалым»



Итак продолжаем! Доктор PhD Асылханкызы Айгерим выиграла грант «Жас ғалым» по проекту AP19175404 «Исследование способов переработки калийных руд Жилянского и Челкарского месторождений в калийно-магниевые удобрения». Молодой ученый будет разрабатывать способы получения калийно-магниевых минеральных удобрений из калийных руд Жилянского и Челкарского месторождений Казахстана. Предлагаемые в проекте новые методы получения сложных калийно-магниевых удобрений позволят разработать гибкую безотходную технологическую схему производства, повысить качество продукта, расширить ассортимент сырья для получения новых минеральных удобрений за счет вовлечения в переработку калийных месторождений. И этот проект будет выполняться в 2023-2025 годах по приоритету «Геология, добыча и переработка минерального и углеводородного сырья, новые материалы, технологии, безопасные изделия и конструкции». Айгерим Асылханкызы недавно получила степень доктора PhD. И это первый научный проект Айгерим. Желаем успехов обладательнице гранта «Жас ғалым» Асылханкызы Айгерим!

# «Жас Ғалым» грантының иегері PhD доктор Моминова Сауле Махмудовна



Сіздермен қуанышты жаңалығымызбен тағы да бөлісуге дайынбыз! PhD доктор Моминова Сауле Махмудовна «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерін гранттық қаржыландыру конкурсының қорытындысымен грант иегері атанды. С.М.Моминованың жобасының тақырыбы AP19175553 «Жылуэлектр станциясының күлі мен табиғи волластонит негізінде автоклавта қатайтылған ұялы бетон алудың энергия үнемдейтін технологиясын әзірлеу». Жоба «Геология, минералды және көмірсутек шикізатын өндіру және қайта өңдеу, жаңа материалдар, технология, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар» басымдығы бойынша 2023-2025 жылдар аралығында орындалатын болады. Жобаның мақсаты – табиғи волластониттің дисперсті-армирлейтін микроталшығымен бірге өнеркәсіптік қалдықтар мен жылуэлектр станциясының күлін пайдалана отырып, автоклавта қатайтатын ұялы бетон өндіру технологиясын жетілдіру және оның қасиеттерін жақсарту. Жоба қолданбалы сипатқа ие және табиғи волластониттің дисперсті-армирлейтін микроталшықтарымен бірге өнеркәсіптік қалдықтар мен ЖЭС күлін пайдалана отырып, автоклавты қатайтылған ұялы бетонды алу үшін тәжірибелік және теориялық зерттеулер жүргізуге негізделген. Жобаны іске асыру нәтижесінде жоғары физика-механикалық қасиеттері бар табиғи волластониттің дисперсті-армирлейтін микроталшығымен бірге ЖЭС күлін пайдалана отырып, ұялы бетонның оңтайлы құрамы ұсынылатын болады. «Жас ғалым» грантының иегері Моминова Сауле Махмудовнаны құттықтаймыз!

# «Жас ғалым» грант иегері PhD доктор, жас ғалым Камбатыров Максат Батырұлы

Достар, әріптестер!

М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің Ғылыми жобалар және бағдарламалар департаменті PhD доктор, жас ғалым Камбатыров Максат Батырұлы «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыру конкурсына қатысып, грант ұтып алғандығын қуанышпен хабарлайды! AP19174296 «Оңтүстік өңірде құс шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін құрамында көміртегі бар шикізаттан органоминералды азық қоспаларын алу технологиясы» жобасы «Су ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін ұтымды пайдалану, экология» басымдығы бойынша 2023-2025 жылдар аралығында орындалатын болады. Жоба шеңберінде ауылшаруашылық құстарының өнімділігін арттыру үшін қоңыр көмір өндірісі қалдықтарынан органоминералды азық қоспаларын өндірудің ғылыми негізделген технологиясын әзірлеу мақсат етіледі. Жоба аясында органоминералды азық қоспаларын өндіруде қолданылатын қоңыр көмір қалдықтарының құрамы мен қасиеттері зерттеледі, органоминералды азық қоспаларын синтездеу үрдісінің тепе-теңдігі мен кинетикалық заңдылықтары зерттеледі, органоминералды азық қоспаларының тәжірибелік үлгілері алынатын болады. «Жас ғалым» грант иегері Камбатыров Максат Батырұлын құттықтаймыз! Жас ғалымға жаңа ғылыми жаңалықтар, сұранысқа ие өнертабыстар тілейміз!






# СҮЙІНШІ, АҒАЙЫН!



Қазақстан құрамасының қоржынына екінші алтын жүлде түсті

**М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҚУ-нің СТУДЕНТІ МАХМҰД САБЫРХАН – БОКСТАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ.**

54 келі салмақта сынға түскен университетіміздің студенті ақтық бәсекеде өзбекстандық Айбек Джураевты екі мәрте ноғдаунға жіберіп, айқын басымдықпен жеңді.

Махмұд екі жыл бұрын Белградта өткен жаһандық доданың күміс жүлдегері атанған еді.

Жарайсың, Махмұд!

# «Отан қорғаушы» тақырыбында Әскери- патриоттық спорттық жарыс өтті




М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде Ұлы жеңіс күніне арналған «Отан қорғаушы» тақырыбында Әскери- патриоттық спорттық жарыс өтті. Жарыстың мақсаты студент жастарды отан қорғауға және елжандылыққа тәрбиелеу. Жарыс өте қызықты әрі тартысты өтті. Жарыс әскери спорттың 7 түрінен өтті. Жеңімпаз командалар бағалы сыйлықтармен және дипломдармен марапатталды.



# Университетіміздің студенті Ташкент қаласында Панкратион спортынан өткен әлем чемпионатында жүлделі орынға ие болды

«Спорт және туризм» факультетінің 3-курс студенті Әбдібай Айдын 30-сәуір мен 5-мамыр аралығында Ташкент қаласында өткен Панкратион спортынан әлем чемпионатына қатысты. Әлем чемпионатында 50 кг салмақ дәрежесінде қатысып жүлделі 2-орын алды. Айдынға алдағы сайыстарда тек қана жеңістер тілейміз! Үлкен белестерді бағындырып көк туымызды шетелдерде желбіретеді деген тілектеміз.

# Әскери-патриоттық тәрбие жастардың өз отанын қорғаудан басталады



Алғашқы әскери дайындық азаматтарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында әскери қызмет атқаруға дайындық жүйесінің бір бөлігі болып табылатындықтан, қазіргі кезеңде «Алғашқы әскери дайындық» пәнін оқыту Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы, «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері және Қорғанысы туралы» және «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарына сәйкестікте жүзеге асып отыр. Жас өрендер әскери өнердің қыр-сырына машықтанды. Олар 5 күн бойы әскери өмірдің темірдей қатал тәртібімен танысып, ұрыс әдістерін үйренді. Алғаш рет оқу қаруын қолданып, сарбаз міндетін сезінді.

Оқу-дала жиыны жастарға тактикалық дайындық, атыс дайындығы, саптық дайындығы, әскери топография жөнінде практикалық сабақтар өткізілді. Бүгін осы оқу-дала жиынының салтанатты жабылу рәсімі болып өтті. 5 күндік барысында көзге түскен белсенді жас сарбаздар марапатталды!

Болашақта Қазақстанның Қарулы Күштеріне аянбай қызмет етуге оқушыларымыз дайын деген сенімдеміз. Алға, Қазақстан жастары! Алғашқы әскери дайындық – Қазақстан Республикасы азаматтарын Қарулы Күштерде, басқа да әскер және әскери құрамаларда қызмет етуге дайындайтын мемлекеттік жүйенің негізгі құрамы болып табылады. Алғашқы әскери дайындық меншік түрі мен ведомствалық бағыныштылығына қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде, орта арнаулы оқу орындарында (колледждерде), кәсіптік- техникалық колледжде әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың міндетті оқытылатын пәні болып табылады.

Әскери-патриоттық тәрбие алғашқы әскери дайындықпен тығыз ұштастырыла отырылып, жастардың әскери істі жақсы меңгеруіне, төтенше жағдайларда қорғанудың тәсілдері мен құралдарын дұрыс пайдалана білуіне ықпал ете алуы қажет. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы түсінігін және әскери іс негіздері бойынша оқушылардың білімдерін қалыптастыру, оқушылардың өмірлік қабілеттері мен дағдыларының дамуын қалыптастыруға ықпал ету. ҚР ҚК туралы Заң қабылдануына байланысты білім беру саласы мен мектептегі АӘД сабағына мемлекеттік пән мәртебесі беріліп, әскерге даярлау мен жас жеткіншекке отаншылдық тәрбие беру жұмысына Үкімет тарапынан көңіл берілуде.

Пәннің міндеті – келешекте Отанын, жерін, елін қорғай алатын, ұлттық намысы мол, жігерлі ұл, қыз тәрбиелеу, әскер қатарына сауатты, моральдық жағынан дайын азамат даярлау. Патриоттар даярлаудағы жауапкершілікті неғұрлым терең сезініп, бар мүмкіндікті пайдаланып, шыныққан шымыр отансүйгіш азаматтар даярлау үшін АӘД пәні мұғалім-ұйымдастырушыларына үлкен талап қойылады, сондықтан оларға өз ісінің жетік маманы болу жеткіліксіз, сонымен қатар жан-жақты білімді, тың ақпараттардан хабары мол болуы шарт. Әскери пәндерді оқыту арқылы Қазақстан Республикасы азаматын тәрбиелей отырып, оқыту арқылы адамгершілік-рухани тұрғыда егемен еліміздің ұлттық сана-сезімі мен намысы оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, еңбекқор, бойында білімге негізделген ізгілікті қасиеттері қалыптасқан азамат тәрбиелеуге болатынына біздің көзіміз жетіп отыр. Алғашқы әскери дайындық және дене тәрбиесі пәндері бірін-бірі толықтырып тұрады. Дене шынықтыру сабақтарын саптық дайындықсыз өткізу мүмкін емес, себебі ол гимнастиканың негізі болып табылады. Ол өз негізінде өмірдің қауіпсіздік негіздері пәнімен қосыла, болашақ бастауыш әскери дайындық пәнінің негізін қалайды.

Ал, АӘД пәні жастарды болашақ Отан қорғауға дайын болуға, патриотизмге тәрбиелейді десек, ол мақсатқа дене тәрбиесіз жету мүмкін емес. Өскелең ұрпақты осындай биік мақсаттарға жетелеу үшін париотизмге, Отанын, елін сүюге тәрбиелеу – оқу-орынның негізгі міндеті. Жыл сайын біздің колледжімізде АӘД пәнін бастау жайлы бұйрық жүйелі түрде беріледі, осы бұйрықта қалалық әскери комиссариаттың ұсынысымен: «Дене шынықтыру сабақтарындағы саптық пәндер ҚР Әскери жарлықтарының талаптарына сай берілсін», – деген сөздер айғақтайды, яғни саптық пәрмендерді, әскери терминологияны жүйелі білім алушылар санасына жас кезінен енгізу болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды: бұл екі пән егіз және оларды қатар алып жүру оқытушы үшін үлкен парыз. Жастардың алғашқы әскери дайындығы мынандай мақсатта өткізіледі: Қазақстан Республикасы Конституциясының

ережелерін, мемлекет қорғанысының негізін жастардың оқып үйренуі; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуын, оның сипаты мен ерекшеліктерін, Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті борышы ретіндегі әскери қызмет мәнін, әскери анттың негізгі талаптарын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жарғыларын жете түсінуі; әскери бөлімдердегі ұрыстық техника және қару- жарақпен, жеке құрамның тұрмыс-тіршілігі және олардың орналастырылуымен танысуы; қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларға ие болуы; төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздерін меңгеруі білім алушылар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету үшін алғашқы әскери дайындықтың теориялық тиянақты білімдері негізінде, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтар қысқа уақыт ішінде мерзімді әскери қызмет өтеу шарттарына бейімделіп, сеніп тапсырылған әскери техника мен қару-жарақты меңгере алатындай жағдайда даярлау; оқушыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметі туралы біртұтас түсінігінің өзара үйлесімді жүйесін қалыптастыру; білім алушылар қарулы қорғаныс ролі нақты түрде өсіп отырған Қазақстан Республикасындағы өмірге даярлау. Алғашқы әскери дайындыққа үйретудің басты міндеттері негізінде нақты дидактикалық тапсырмалар қарастырылады, оның ішінде аса маңыздысы білім алушылардың сенімділігін, саналы түрде Қазақстан Республикасы егемендігін қорғау қажеттілігін, әскери қызметке жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру болып табылады. Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша «Алғашқы әскери дайындық» пәнінің мазмұны пәннің мақсат-міндеттеріне және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес айқындалады.

Пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұнын іріктеуде жалпы дидактикалық ұстанымдар: табиғи үйлесімділік, практикаға бағыт ұстану, сабақтастық, саналылық, көрнекілік, белсенділік, жүйелілік пен бірізділк принциптері басшылыққа алынады. Үздіксіздік ұстанымы оқытудың барлық сатылары арасында әдіснамалық, мазмұндық, оқытудың әдістемесі мен технологиясы деңгейінде сабақтастықты қамтамасыз етеді. Көрнекілік ұстанымы нақты жағдайда қарым-қатынастың «болуын» көрсететін барлық көрнекілік құралдарын (вербалды, иллюстрациялық, сонымен қатар мұғалім сабақ барысында қолданатын қимыл-қозғалыстар) пайдалану қарастырылады. ҚР ҚК туралы Заң қабылдануына байланысты білім беру саласы мен мектептегі АӘД сабағына мемлекеттік пән мәртебесі беріліп, әскерге даярлау мен жас жеткіншекке отаншылдық тәрбие беру жұмысына Үкімет тарапынан көңіл берілуде.

Пәннің міндеті – келешекте Отанын, жерін, елін қорғай алатын, ұлттық намысы мол, жігерлі ұл, қыз тәрбиелеу, әскер қатарына сауатты, моральдық жағынан дайын азамат даярлау. Осылайша, әскери пәндерді оқыту арқылы Қазақстан Республикасы азаматын тәрбиелей отырып, оқыту арқылы адамгершілік-рухани тұрғыда егемен еліміздің ұлттық сана-сезімі мен намысы оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, еңбекқор, бойында білімге негізделген ізгілікті қасиеттері қалыптасқан азамат тәрбиелеуге болатынына біздің көзіміз жетіп отыр. «Алғашқы дәрігерлік көмек», «ҚР Қарулы Күштері рәміздері», «Атыс дайындығы», «Саптық дайындық», «Тактикалық дайындық», «Әскерге бару – азамат болу», «ҚР Қарулы Күштерінің жарлығы» сияқты стендiлер оқушылардың әскери ережелерді жадында сақтауына әсер етеді. Кабинетте тәулік кезекшілік бөлмесі және қару-жарақ сақтайтын бөлме болғаны абзал. Ортада ұрыс алаңы бейне-



ленген жайма тақталарын да орналастыруға болады. Осы материалдық база оқушылардың әскери тәртіпті сақтап, үйренуіне ықпал етеді.

Білім алушыларды отаншылдыққа тәрбиелеуде сабақтан тыс шаралардың да маңызы зор. Жыл сайын 9 сәуір мен 9 мамыр аралығында Жеңіс күні құрметіне әскери патриоттық айлық өткізіледі. «Рухты әндер – ерлікке бастар ұлы күн», «Ел тірегі – рухты ән» атты байқауға оқушылар асқан жауапкершілікпен қатысып, мол әсер алады. Байқауда «Атамекен, қазағым менің», «Отаным – бақыт ордасы», «Елім менің», т.б. әндер орындалып, әр топтың киім үлгісі кештің мәніне әр береді, жеңімпаздар анықталады. АӘД кабинеті алғашқы әскери дайындық бағдарламасы бөлімдерін теориялық және практикалық жағынан оқып үйренуге, сондай-ақ сабақтан тыс уақытта үйірме жұмыстарын өткізуге және оқушылардың өз бетінше сынақтарға дайындалуына арналған.

Мутkенов жүлделеріне арналған пневматикалық мылтықтан ату турнирі. 2. Әскери спорттық ойын – «Алау». 3. «Сапта жүру мен ән айту» байқауы. 4. Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлерімен, Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу. 5. Әскери-қолданбалы спорт түрінен жарыс. 6. «Ерлік сабақтары». 7. «Кәнеки, жігіттер» байқауы. 8. «XXI ғасырдың көшбасшысы» 9. Интеллектуалдық ойындар. 10. Далалық оқу жиындары. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің міндеті олардың бойында іскерлік, білімдік дағдыларымен қатар туған жерін, елін сүйетін, ел дәстүрін қастерлейтін мәдени парасаттылық сезімін тәрбиелеумен астасып жатыр. Оқушыларды отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеуде басқа пәндермен қатар алғашқы әскери дайындық пәнінің атқаратын жүгі қомақты.

Дені сау, мықты болашақ жауынгерлерді тәрбиелеудің маңыздылығын жан жүрегімен түсініп, оқушыларды ерлік дәстүр рухында тәрбиелеуді мақсат тұтқан ұстаз ғана ел намысын қорғайтын, пендешілік мүдден ұлт мүддесін жоғары қоятын шын мәнісіндегі азаматтарды тәрбиелей алады. Тұлғаны тәрбиелейтін ұстаздың өзі де тұлға болуы тиіс. Ол өзінің еңбекқорлығымен және әр істі зор жауапкершілікпен атқаратын іскерлігімен танылады. Әр оқушыны бала ретінде емес, терезесі тең азамат ретінде, елдің ертеңі ретінде бағалап, зор сенім артуы арқылы балғын жігіттердің сеніміне ие болады. Әр шәкірт оны ұстаз-аға, ұстаз-дос ретінде таниды. «Тәрбиелі – тәртіптің құлы» екенін терең түсінген ұстаз әр жасөспірімнің сыйлауы азаматтық парасат екенін санаға сіңіреді.

Ата-аналармен тіл табысып, пәнге қажет әскери форманың болуын түсіндіреді, өз мақсатына қол жеткізеді және бұл міндеттің маңыздылығын жергілікті басылым арқылы бүкіл аудан мектептеріне мәлімдейді. Колледж қабырғасындағы білім алушыларға әскери-патриоттық тәрбие тек қана 1 курста өтілетін алғашқы әскери дайындық сабағында ғана емес, барлық топ білім алушыларына, топта және сабақтан тыс өтілетін іс-шаралар арқылы да беріледі. Осы мақсатта алғашқы әскери дайындықпен жастарды әскери-патриоттық жағынан тәрбиелеу сапасы көбінесе оқу орындары мен білімді ұйымдастыратын мекемелердің оқу базасының бар болуы мен жағдайына байланысты болады.

2023 жылдың 24 сәуір күні, Әскери-патриоттық жаттығуларды 5 күндік жолмен өткізу мақсатында, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінеде дала жиыны ұйымдастырылды. Жиын барысында, түрлі спорттық іс-шаралар, әскери соғыс тактикасын басқару мақсатында, дала жаттығулары өткізілді. Жаттығу мен қатар саптық жүріс, әскери тәритпке лайықты ұйымдастырылды. Колледж директоры т.ғ.докторы Әлібек С.Н. 28-ші сәуір күні, сапта тұрған барлық білім алушыларға, Отанның алдындағы әскери-патриоттық сананы ояту мен қатар, тәрбиелі тәртіптің мақсатымен міндеттері жолында құттықтау сөз айтты. Дала жиыны спорттық жаттығулар мен өз жалғасын тапты.

**Ширимбеков М.Б., Тилеубердиев С.С.**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ колледж АӘД пәні оқытушылары**



# ОҚУ әскери кафедрасына 60 жыл

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті әскери кафедрасына 60 жыл.**



КСРО Министрлер Кеңесінің Қазақ технологиялық институты запастағы офицерлерді даярлау жөніндегі Қаулысына сәйкес әскери кафедра 1963 жылдан бастап жұмыс істей бастады.

Әскери кафедраның алғашқы бастығы болып подполковник Кривожиха В.С. тағайындалды.

Кейінгі жылдары әскери кафедраны полковник Баранник А.С., полковник Кочуков А.М., полковник Лутфуллоев С.К., полковник Маклаков Е.И., полковник Хакимжанов С.Х. басқарды.

2012 жылдан бастап полковник Кенжебаев Ж.А. басқаруда.

Бұл жоғарғы оқу орнының, әскери кафедрасында қызмет ету әскери кафедра қызметкерлері үшін мәртебе деп санаймын. Әскери патриоттық тәрбие және нағыз әскери дәстүрді дәріптеуде ерен еңбек ету әрбір қызметкер үшін міндет.

Отан алдындағы міндетін адал атқарып, ата бабаларымыздың даңқты ерлігіне бас иетін азамат болып қалыптасу әскери кафедрада әскери дайындықтан өткен студент жастардың парызы.

Әскери кафедраның басты мақсаты – мемлекетіміздің Қарулы Күштері үшін запастағы офицерлермен сержанттарды даярлау болып табылады. Жалпы, 1963 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін әскери кафедра 18020 запастағы офицерлер мен 894 запастағы сержанттарды дайындады.

Әскери кафедра қазіргі таңда 7 әскери-есептік мамандық бойынша студенттер қатарынан запастағы офицерлерді даярлайды:

- радиациялық, химиялық, биологиялық қорғау бөлімшелері мен бөлімдерін қолдану;
- от шашу және түтін шығару бөлімшелері мен бөлімдерін қолдану;
- қару-жарақ пен радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау құралдарын, экологиялық бақылаудың техникалық құралдарын пайдалану және жөндеу;
- жалпыәскери бөлімшелерді, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану;
- танк бөлімшелерін, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану;
- Қарулы Күштердің жауынгерлік іс-қимылдарының радиациялық, химиялық және биологиялық қорғалуын, экологиялық қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды ұйымдастыру;
- құрлық әскерлерінде тәрбие және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру.

2022 жылдан бастап 10 әскери-есептік мамандық бойынша запастағы сержанттарды даярлауды бастады:

- атқыштық;
- пулеметтік;
- гранататқыштық (танкке қарсы қол гранатаатқыштық);
- жаяу әскерлер жауынгерлік машиналары;
- отшашар-өртеу құралдары;
- радиациялық және химиялық барлау және дозиметрлік бақылау;
- жабдықтар мен жабдық-тұрмандарды зарарсыздандыру құралдары;
- сұйықтықпен арнайы өңдеу құралдары;
- химиялық техника мен мүлік;
- радиациялық және химиялық барлау мен дозиметрлік бақылау құралдары.

Кафедра әскери-есептік мамандықтарға сай оқу-материалдық базамен толық қамтылған.

Сондай-ақ, әскери кафедрада «Бауыржан Момышұлы атындағы» әскери патриоттық клубы жұмыс жасап келеді. Патриоттық клубтың негізгі жұмысы–студенттерді Отан алдындағы әскери міндеттерге, әскери патриоттық жұмыстарға, әскери қызметке тәрбиелеу болып табылады.

Әскери кафедрада жыл сайын «1989 жылы Кеңес Одағы әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылуына» арналған тематикалық кеш ұйымдастыру үрдіске айналған. Бұл іс-шараның мақсаты-студенттердің бойындағы патриоттық сезімді жоғарылату, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, Отан қорғаушысы ретінде азаматтық және адамгершілік қабілетін жоғары ұстауға тәрбиелеу.

Әр жылы Шымкент қаласының колледждері және орта мектептері оқушыларының қатысуымен «Ашық есік күнін» өткізіліп отырады. «Ашық есік күнінде» келушілерге әскери техника мен әскери қару-жарақтар көрсетіліп, Отан сүйгіштікке бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылады.

2023 жылғы сәуір айында «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ әскери кафедрасына 60 жыл толуына орай, Шымкент қаласы ЖОО жанындағы әскери кафедралар студенттері арасында әскериленген эстафета өткізілді. Жарыс жеңімпаздары арнайы кубоктар және дипломдармен марапатталды.

Әскери кафедрада оқу процесінде көптеген ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізілуде. Полковник Ж.Кенжебаевтың басшылығымен дайындалған әскери-есептік мамандықтарға арналған бағдарлама-виртуалдық практикалық жұмысы Қазақстан Республикасы әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетінде тіркелді. Одан басқа 15 оқу құралы басылып шығарылды.

Запастағы подполковник Б.Шаймерденовтің жетекшілігімен әскери кафедра офицерлері химиялық, радиациялық жағдайды болжау және барлау бойынша компьютерлік бағдарламалар жасап шығарды. Осы бағдарламалар Қазақстан Республикасы әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетінде тіркелген. Ғылыми еңбектердің нәтижелері ғылыми конференцияларда баяндалып, Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар бойынша министрлігінің бюллетендерінде жарық көрді. Қазіргі таңда бұл әдістемеліктер Шымкент қаласы бойынша төтенше жағдайлар органдары жүйесінде, әскери кафедрамыздың оқу процесіне енгізіліп, студенттерге дәріс беру барысында қолданылып келеді. Әскери ғылым және құрылыс саласында 6 авторлық куәлігі, халықаралық ғылыми конференция жиынтықтарында 27 ғылыми басылымы, 2 оқулығы жарияланды.

Әскери кафедра циклының бастығы запастағы подполковник Б.Шаймерденов, Қазақстан Республикасы Халықтар Ассамблеясымен ұйымдастырылған «100 жаңа есім» байқауының «Үздік қызметкер» номинациясы бойынша, «Білім беру саласының үздігі – 2023» Республикалық байқауының «Ұстаз» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды және Қазақстан Республикасының Білім беру саласына қосқан үлесі үшін «Ұстаз» орденімен марапатталды.

Оқытушылар арасында Ауған соғысының ардагері әскери кафедра аға оқытушысы запастағы подполковник Раимбердиев Кидирали Тангирбердиевич, Тәжік-Ауған шекарасында бітімгершілік күштерінің ұрыс қимылдарына қатысқан әскери кафедра бастығы полковник Кенжебаев Жақып Амангелдиұлы, әскери кафедра бастығының орынбасары запастағы подполковник Урустамбеков Абдихан Амирханович, Таулы Карабақ қақтығысына қатысқан әскери кафедра аға оқытушысы запастағы подполковник Амалбеков Оспан Раманкулович студенттерге сапалы білім бере отырып, ұлтын сүйетін патриот етіп тәрбиелеуде, азаматтардың ерік-жігерін нығайтуға өз үлестерін қосып жүр. Қай елде де болмасын патриоттық тәрбие жоғары болса, сол елдің саяси тұрақтылығы қарыштап, дамитыны хақ.

Ардагерлеріміздің ерлігін үлгі ете отырып, Отан үшін от кешудің парыз, міндет екенін санамызға сіңіру патриоттық тәрбиенің негізі екенін ұмытпауымыз керек.

Қазақстанның білім және ғылым жүйесінде көшбасшылыққа жету мақсатында, білім, бизнес, инженерия, ауыл шаруашылығы саласында және әскери-есептік мамандық алып шығатын запастағы офицерлер мен сержанттарды даярлауда көпжылдық тәжірибеге ие М.Әуезов атындағы ОҚУ терең ойлай алатын, жаңа білімдерді қордалауға қабілетті мамандарға деген қажеттілікті қанағаттандыруға ұмтылып келеді.

Биыл, 2023 жылы 60 жыл толып отырған тарихы терең, дәрежесі биік әскери кафедрамыздың мәртебесі бұдан да жоғарылай беруіне шын жүректен тілектеспіз және оқу ордамыздың асқақтауына бар күш жігерімізбен атсалысамыз!

**Жадигер Куандыкович Амиров,**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери кафедрасының аға оқытушысы, запастағы подполковник**



# Невероятный семестр



Поступив в наш Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова, я знала, что я имею шанс воспользоваться программой «Академическая мобильность». Сразу с первого курса начала собирать документы и параллельно была активисткой нашего университета. Мне предоставили множество выборов и я выбрала Латвию. Прилетев в Ригу, я даже представить себе не могла что такие невероятные вещи могут произойти с моей жизнью за пол года.



Пары проходили в спокойном виде, свободные отношения с преподавателями, студенты из разных стран, наций и религии. Каждый из них стал моим близким другом. Пары полностью на английском языке и анализируем темы также на английском.

Покупали билеты в разные страны, такие как: Швеция, Франция, Бельгия, Норвегия, Литва, Австрия и т.д

Я все еще не знаю какой город мне больше понравился, Париж либо Осло, Вена или вообще Стокгольм. Проводили настолько веселые дни и ночи с иностранными друзьями что в конце прощаться с каждым из них было очень тяжело. Были несколько трудных моментов заграницей такие, как потеряться, остаться поздно ночью в Париже без интернета, сесть в неправильный маршрут, потерять все карточки, не знать культуру и совершать ошибки, заболеть очень сильно… Все эти трудности помогли мне научиться самостоятельной жизни. Академическая мобильность и жизнь иностранного студента помогли мне стать отзывчивой, спокойной и целеустремленной. Много чем я делилась в социальных сетях и друзья так же решили подать документы в Европу/Турцию. Сейчас они учатся и чувствуют то, что испытывала и я.

Конечно, приехав в свою страну ты начинаешь сравнивать обе стороны. У нас в Казахстане принято уважать старших, ухаживать за девушками как за принцессами, всегда одеваться богато и грамотно. А в Европе неважно что ты думаешь о других, как ты выглядишь, в чем ты одета, кто оплачивает за ужин. Такие бывают различия, даже задумываешься какая сторона удобнее и лучше. В Европе свои плюсы, как например, все люди пунктуальные, отзывчивые и улыбчивые. Получают образование для себя и для своих будущих достижений в жизни. В Казахстане тоже свои плюсы, как например, воспитывать в ребёнке уважение к старших, не выговаривать свою мысль или не перечить, как когда в Европе или в зарубежных странах другой менталитет и другое понятие.

Я считаю, каждый студент обязан получить образование и пожить в Европе на несколько месяцев как опыт, для того чтобы ценить свою родину. Образование было на отличном уровне в Европе, я думала, что буду разочарована когда приеду в Казахстан и буду продолжать свое обучение дальше тут. Но сюрпризом, мой второй семестр в Казахстане начался довольно интересно, так как преподаватели были интересными, умели разговаривать на других языках, самое главное это то что многие преподаватели имеют опыт жизни и обучение заграницей. Как говорится, всему свое время. Наше новое поколение стремится к лучшему, в этом помогут наши профессора. Любой разумный преподаватель готов отдать все свои умения и дать поддержку своему студенту если сам студент будет заинтересован в развитии.

Я благодарю свой университет за то, что они дают мне множество возможностей для развития самой себя, я вижу как они замечают мой талант и труд во многих сферах и приглашают на встречи, собрания и даже стать президентом в новых организациях у нас в университете. Поэтому завтра, когда я стану квалифицированным дипломатом, я буду гордо хвалить свой университет за всё что он мне дал.

**Слам А.Б., ЮКУ им. М.Ауэзова, факультет «Юридический», кафедра «Международные отношения и международное право», группа: ЮМ-21-3а**

# Қазақтан шыққан тұңғыш әскери химик–генералы

**7 мамыр - Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылғанына 31 жыл қарсаңында көпшілік біле бермейтін қазақтан шыққан батырлар аз емес.Солардың бірі Кеңес Одағында қазақтан шыққан тұңғыш генералы Шәкір Жексенбаев Айталыұлы туралы үзік сыр. Бүгінгі ұрпақ солардың есімдерін ұлықтап, ел алдындағы өнегелі, жарқын істеріне ерекше мән беріп, қадір тұтып өтуіміз керек.**



Шәкір Жексенбаев 1901 жылы 28 ақпанда Бөкей облысының Долбұн-Шоңай ауылындағы кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Осы кісі жайлы, өкінішке қарай, баспасөз беттерінде көп айтыла бермейді. Ол бала кезінде ауылдағы бастауыш мектептен білім алады,оқуға деген талабын әрі қарай ұштап, Хан Ордасы қалашығында бастауыш училищесіне түседі. 1917 жылға дейін сонда оқып, Бөкей облысының Долбұн-Шоңай болысының жұмысшылар, шаруалар кеңесінің, қызылдар депутаттарының Атқарушы комитетіне мүше болып сайланады.

1919 жылы өз өтінішімен I Үлгілі Қырғыз (Қазақ) атты әскері қатарына қабылданып, көп кешікпей Орынборда ашылған командирлер курсын тәмамдаған.

Сол жылдың қараша айында Қызыл аттылар әскерінің құрамына Борисоглебск Кеңестер Кавалериялық курсына оқуға түседі. Одан соң I Қазақ кавалериялық дивизионында взвод басқарады. 1920 жылы Қазақ өлкелік әскери-революциялық комитетінің жолдамасымен Мәскеудегі Жұмысшы-шаруа қызыл әскер академиясына оқуға барады. 1925 жылы академия басшысы Фрунзенің қолынан үздік оқу бітіргені жайлы куәлік алады.

1925 жылы Қырғыз (Қазақ) Республикасының Орталық комиссариатының Қырғыз (Қазақ) әскерінің оқу бөліміне басшылыққа ұсынылады. Ал 1926 жылы ол Қазақ КССР Әскери Комиссариатының атқыштар бөліміне басшы болып тағайындалады.

1930-1931 жылы Жоғары химиялық курсты бітіріп, әскери химик атанады. Оның химиялық істерге байланысты жаңа қолбасшылық қызметі басталады. Химиялық курстарды үздік тәмамдаған соң, 1931-1932 жылдары КСРО әскери және теңіз істері бойынша Халық комиссариатының Әскери-химиялық секторы бастығының орынбасары болып, Мәскеуде жұмыс істеді. Кейіннен Украина Әскери аймағында құрылған Байкалдың арғы жағындағы қызылтулықтардың Қиыр Шығыстағы Әскерінің жеке құрамына командир-комиссар болып барды. 1939-1940 жж. Полковник шенінде болып Солтүстік Әскердің 2-тобына басшылық жасады. Ал 1940-41 жылы Калининдегі Әскери училищені курсанттар батальонына жетекшілік етті.

Қиян-кескі майдан басталғанда ол Батыс майданы химиялық қорғаныс бөлімі бастығының аға көмекшісі, кейін Орталық майданда химиялық қорғаныс бөлімінің қызметкері, Оңтүстік-Батыс майданы үшінші Брянск әскерінде химиялық қорғаныс бөлімінің бастығы міндетін абыройлы атқарады. Яғни, майданның нағыз қауіпті жерлерінде міндет жүктеп, алғы шепте жүреді. Соғыс басталған тұста Кеңес әскерлері үздіксіз шегінумен болды да, жау қолында қалып бара жатқан үлкен қоймаларды жойып жіберу қажеттілігі туындады. Ол үшін аса қуатты химиялық жарылғыштар қажет болды. Сөйтіп Жексенбаев бастаған мамандар жанармайдың түрлі қосындысы толтырылған шөлмек жасап шығарды. Бұл химиялық қару Кеңес әскерлері үшін жаудың бетін қайтарудың бірден-бір құралы болды. Айталық 1943 жылы 6 мың танк, 4 мың ұшақ, 2 миллион адам қатысып, 49 күнге созылған атақты Курск шайқасында алғаш рет неміс әскеріне осы қару қолданылып, күйрете соққы берілді. Дыбыстық және түтінді шашкалар, артиллериялық снарядтар, миналар мен ампулалар түнгі уақытта «У-2» ұшағымен жаудың алғы шебіне, қару-жарақ базаларына тасталып олардың есін шығарды, деп жазады.

Орталық майданның бас қолбасшысы маршал К.Рокоссовский Шәкір Жексенбаевты Курск майданында сіңірген еңбегін жоғары бағалап, қазақ азаматы жайлы Кеңес Армиясы Бас әскери шаруашылық басқармасына жолдаған жауынгерлік мінездемеде: «Брянск майданы химиялық қорғау бөлімінің бастығы полковник Шәкір Жексенбаев жолдас саяси сауатты, адамгершілігі мол, жігерлі, өз бетімен дұрыс шешім қабылдай білетін таңдаулы командир. Өз ісіне жауапты және жолдастыққа адал. Қоғамдық және партиялық жұмыстарға белсенді араласады. Денсаулығы мықты әрі шыдамды», деп жазылған.

Кейін маршал К.Рокоссовский «Солдатский долг»





атты кітабында: «Майдан барысында ең қауіпті нүктелерге отқаруларды (огнемет) және жарылғыш бөтелкелерді орналастырып, солдаттарды химия мамандары жасаған жарылғыш заттармен қаруландырып, мықты қорғаныс шебін құрдық» десе, кейінгі жылдары тұлғаның әскери қызметі жайлы зерттеген Сансызбай Сейтақанов ағамыз: «Маршалдың кітабында айтылған жарылғыш бөтелке («Бутылочный пара») дейтін химиялық жарылғышты жасап шыққан қазақ азаматы Жексенбаев болатын. Бұл қоспаның ерекшелігі танктің зеңбірек оғы өтпейтін шойын темірді қыздырып жібереді екен», дейді.

Жоғарыдағы жетістіктерінен кейін Жексенбаевты Брянск майданының бас қолбасшысы, генерал-полковник Макс Рейтер 1943 жылы 10 мамыр күні жоғары әскери атаққа ұсынады. Полковник Шәкір Жексенбаевты Бас штаб Мәскеуге шақырып химиялық қару маманы ретінде есебін тыңдайды. Дәл есеп беріп тұрған сәтінде радиодан атақты Юрий Левитанның «Әскери-химия маманы Шәкір Жексенбаевқа генерал-майор атағы берілді», деген рухты үні естіледі. Бұл 1943 жылы қазан айының 14 күні болатын.

Неміс фашистері тізе бүккеннен кейін Жексенбаев майдан даласын химиялық қару қалдықтардан тазарту ісіне атсалысады. Одан кейін 1945 жылы 7 қараша күні Қызыл алаңда өткен атақты шеруде химия полкын генерал-майор бастап сап түзейді. Шәкір ағаның әріптестермен бірге полк бастап шеруге шыққалы тұрған сәттегі фотосы сақталған.

Соғыстан кейін қазақ генералы Одақтың жоғары әскери оқу орындарында ұстаздық еткен. Атап айтсақ, Мәскеудегі К.Ворошилов атындағы Химиялық шабуылдан қорғану әскери академиясында факультет бастығы, В.Куйбышев атындағы Әскери инженерлік академиясында кафедра меңгерушісі, аға оқытушы, сондай-ақ Бауман атындағы Жоғары техникалық училищеде, И.Лихачев атындағы Мәскеу автомобиль зауытының жоғары техникалық училищесінде ұстаз болғаны белгілі. Бұл қызметін 1971 жылға дейін жалғастырады.

Қазақ даласында жаңа заман орнауына еңбек сіңіріп, Азамат соғысы, Ұлы Отан соғысына қатысып, әскери химияның майталман маманы ретінде Ленин, төрт мәрте «Жауынгерлік Қызыл ту», «Отан соғысы», «Қызыл жұлдыз», т.б. орден-медальдарымен марапатталған қазақ генералы 1988 жылы 23 ақпанда өмірден озды.

Жалғыз ұлы Олег Жексенбаев медицина ғылымдарының докторы атанса, 1954 жылы туған немересі Марина Мәскеуде тұрады.

Артында мұра болып 1985 жылы жарық көрген «И горек дым войны» («Соғыстың ащы түтіні») атты құнды еңбегі қалды. Ол 1986 жылы «Жалын» баспасынан жарық көреді. Ш. Жексенбаев өз кітабында: «Менің туған өлкем. Бір адамның дауысын ол қуатты етеді, он есе күшейтеді, ал оның жанын, бейне бір туған анасындай еркелетеді, мұңайған кезінде жұбатады, қолдайды» деп тебіренеді. Оның аяулы есімі Ұлы Отан соғысының шежіресінде алтын әріптермен жазылатыны сөзсіз. Енді ол туған елі – Қазақстанда өскелең ұрпақтарға ұлықталса. Оның Ұлы Жеңіске қосқан үлесі, әскери білімі мен атқарған қызметі бұған әбден лайықты деп ойлаймын.

Осындай ірі тұлғалардың ұстаздық тәжірбиесін және еңбегін пайдалана отырып,«М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ әскери кафедрасында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызмет етіп тәжірбие жинаған және Ауғаныстан, Тәжік-Ауған, Таулы Қарабах және Чернобыль апаты ардегерлері оқытушылар қызмет атқарады. Әскери кафедрада радиациялық, химиялық, биологиялық қорғау бойынша студенттер әскери мамандықтарын шыңдауда. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері офицерлерінің қорын толтыруда.

Келешекте осы жастардың арасынан осындай ірі тұлғалар шығатынына сенемін. Болашақ жастардың еншісінде.

**Сагынбеков Нуржан Серикбаевич**
**«М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ әскери кафедра оқытушысы, запастағы майор**

**Бірінші қатар, сол жақтан екінші – Қырғыз өңірлік әскери комиссариатының жеке кавалериялық эскадроны командирінің көмекшісі Ш.Жексенбаев, Орынбор, 1919 ж.**

**Оң жақтан екінші - Ш. Жексенбаев, Мәскеу, 1945 ж.**

# Ерлердің ерлігі мәңгі есте!



Жеңіс күні – бұл мереке ғана емес, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді ешқашан ұмытпай есте сақтау!

«Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік» - деп жазған даңқты батыр Бауыржан Момышұлы.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 78 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған - туысқандарына, жақын - жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери кафедрасының оқытушы-профессорлық құрамы, студенттері Жеңіс мерекесіне үлкен дайындықпен келеді. Дәстүрлі «Ашық есік» күні, әскерилендірілген эстафеталарды ұйымдастырып, әртүрлі кездесулер өткізілді.

Әскери-патриоттық тәрбие сабақтарында әскери кафедра студенті Тимур Исаев нағашы бабасы Ұлы Отан соғысының ардагері Федор Иванович Павликов туралы мақтанышпен әңгімесін айтты.

Федор Иванович 1926 жылы 21 қараша айында дүниеге келген. 17 жасқа толған сәтте Қызыл әскер қатарына Қызылорда облысы Чилик аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Әскери киімімен 19 желтоқсан 1943 жылы суретке түскен фотосын ата-анасына жіберіп, Байрам –али жер бедері деп жазған. Соғысқа бару үшін ол жасына бір жасты қосып, атыс дайындығынан өтті . Соғыс кезінде байланыстырушы қызметін атқарған. Жауынгерлік аймақта келесі тапсырманы орындау кезінде Федор Иванович жараланып қалған. Соғыста аздап шайқасқан деп қынжылатын... Соғыстан кейін үйленіп, екі ұл тәрбиелеп, өсірді. Немересін қазақ ұлтына ұзатып,интернационалдық берекелі жанұяның ұйытқысы болды.

Мұғалімдер институтын (қазіргі ОКМПУ) бітірген бейбіт жылдарда Ф.Павликов сол институттың «Жалпытехникалық пәндер» кафедрасында және М.Әуезов атындағы ОҚУ оқытушысы болып қызмет етті.

Біздің әскери кафедра, университет ұжымы да әріптесін назардан тыс қалдырмай, ардагерді мамыр мейрамдарымен құттықтап қайтатын. Ф.Павликов 2016 жылы қайтыс болды. Бірақ біз ардагерімізді әрқашан ризашылықпен және жылы лебізбен еске аламыз.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақстандық халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті.. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатысպаған бірде - бір үлкен шайқас болмады. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай - ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған қайсар жауынгерлеріміздің бірі – Бауыржан Момышұлы еді.

Қазіргі ұрпақ, бізге ашық аспан мен бейбітшілік сыйлаған адамдарға ризашылық білдіруі керек, өйткені олардың жасаған ерлігі болмаса, қазақ халқы өмір сүре алмас еді. Ұлы Отан соғысына қатысқандардың саны азайып келеді, сондықтан, халқы үшін жанын пида еткен ата-бабаларымызды құрметтейік. Соғыс кезінде өз өмірін аямай, фашистерге қарсы соғысқан қазақтың батырлары өте көп болды. Ардагерлеріміздің ерлігін ұмытпағанымыз жөн, себебі тарихын ұмытқан халықтың болашағы жоқ. Бұл адамдардың қаһармандығы, жас ұрпаққа үлгі болады деп сенемін!

**Айдашев Женис Аскарович,**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери кафедрасының аға оқытушысы, запастағы капитан**





# Ассамблея народа Казахстана




Восточная мудрость гласит: «Даже самая большая дорога начинается с маленьких шагов». Сегодняшний казахстанский путь начался с маленьких шагов. На протяжении многих веков казахскому народу приходилось бороться за свою независимость и суверенитет. Благодаря своим лучшим качествам, умению сплотиться и быть единым в минуту опасности, стремлению жить в мире, согласии и добрососедстве с другими народами, он не исчез в потоке истории и смог восстановить свою государственность. В разные периоды на казахскую землю по разным историческим причинам переселялись разные народности. Чтобы сплотить единство между народами нужно было создать Ассамблею народов Казахстана.

Ассамблея народа Казахстана — это организация, которая смогла объединить народ одной страны, имеющий разные корни, национальности, религии и мировоззрение. Несмотря на очевидную индивидуальность каждого гражданина, нас объединяют общие мысли и цели. В первую очередь это — любовь к Родине, сохранение мира и согласия в государстве.

Город Шымкент – входит в тройку городов Казахстана как промышленно-культурный центр. Это наш город. Он включает народы различных национальностей, культуры, ментальности, вероисповеданий. Здесь все живут дружно, с уважением относятся и чтут все народные праздники. В каждой семье с удовольствием готовят и кушают как бешбармак, так и плов, пельмени, борщ, штрудели, хачапури, шурпу, кашови и др.

Такое согласие привлекательно и полезно не только в рамках города, но и в отдельных его объектах. Оно процветает и у нас, на кафедре « БЖ и ЗОС» ЮКУ им.М.Ауезова.

Сегодня, мы, профессорско-преподавательский и обслуживающий персонал, разных национальностей и возраста, находим эффективные методы и пути решения наших проблем, которые способны искоренить причины разных конфликтов и недопониманий. Их решаем в рабочей обстановке. Здесь важны тактичность, спокойствие, дружелюбность и другие качества, которые необходимы в наставлении.

Это все благодаря тому, что в республике созданы все необходимые условия для развития культуры, языка, традиций всех этносов Казахстана. Деятельность Ассамблеи способствует росту международного авторитета Республики Казахстан как страны, эффективно решающей вопросы межэтнических отношений.

Доверие, традиции, транспарентность, толерантность, — это именно те принципы, которые легли в основу нашего многонационального процветающего государства. В основу политики государства в межэтнической сфере положен принцип «Единство в многообразии».

**Нестеренко Н.Г., к.т.н., доцент,**
**Мамитова А.Ж., к.т.н., доцент,**
**Макулбекова Г.О., PhD доктор,**
**кафедра «Безопасность жизнедеятельности и охрана окружающей среды»**

# По следам деятелей Алаш




В целях реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в соответствии с договором №10-ПЦФ-23-24 от 25 января 2023 года по теме исследования: ИРН BR18574180 «История и творческое наследие Алашской интеллектуальной элиты конца – XIX – первой половины XX вв.» была направлена в научную командировку для работы в ГБУ «Объединенный государственный архив Оренбургской области» и МБУ «Архив города Оренбурга» с 22 апреля – по 30 апреля 2023 года.

Особенностью поездки в г. Оренбург является рассмотрение деятельности политической элиты в архивах. Актуальной является общественно-политическая деятельность людей, которые принимали участие в создании национального государства в XX веке. С развалом советской власти движение Алаш в борьбе за независимость страны не завершило свой путь. Сейчас в современном независимом Казахстане стало актуальной их деятельность в политике, образовании и культуре.

24 апреля в МБУ «Архив города Оренбурга» ознакомились с документами по истории Казахстана начала XX века, однако там много документов по нашей тематике не нашлось.

С 25-29 апреля работали в ГБУ «Объединенный государственный архив Оренбургской области». В архивах нашлись документы по фондам: Ф.6 (Канцелярия Оренбургского генерал-губернаторора 1797-1881 гг.); Ф.10 (Канцелярия Оренбургского губернатора 1840-1917 гг.); Ф.81 (канцелярия директора Оренбургского учительского института 1878-1896 гг.); Ф.Р1 (Оренбургский губернский исполнительный комитет); Ф.57 (Оренбургский окружной суд 1894-1918 гг.).

В фондах архива нашли много исторических документов, среди которых нашлись рукописный вариант «Казахской газеты» - «Қазақ газеті» 1880 г.) и рукопись книги Сейд-Ахмеда из Тургая на арабской графике из 94 страниц. Вместе с тем нашли и отсканировали документы, касающиеся Елдес Омарова, Аспандияр Кенжина и Сейдазима Кадырбаева.

26 апреля 2023 наша команда съездила в соседний город под названием Соль-Илецк. Здесь мы планировали найти документы, высланных из Алматинского и Сырдарьинского округов, конфискованных баев и полуфеодалов начала XX века и



посетили Историко-краеведческий музей города и ознакомились с территорией завода г. Соль-Илецк, который сейчас носит название РусСоль.

В свободное время мы посетили исторические места, связанные с деятелями Алаш: по улице Советская 2, в этом здании с 1920 по 1925 гг. находились ЦИК и Совнарком Киргизской (Казахской) АССР, дом по улице Пушкина 39 в котором в 1917 году были проведены первый и второй общеказахские съезды, ставшие важной вехой в становлении национальной государственности Казахстана. А также в последний день 30 апреля мы посетили ул. Чичерина 75, дом в котором в 1913-1918 годах жил и работал видный ученый и просветитель Ахмет Байтурсынов. А также посетили Оренбургский губернаторский историко-краеведческий музей и познакомились с экспозицией музея.

Важно обратить внимание на общественно-политическую деятельность и научно-педагогическое наследие национальной интеллигенции выдающихся государственных и общественных деятелей того периода. Потому что под непосредственным контролем казахской интеллигенции в начале двадцатого века были определены направления и векторы национального культурного и духовного развития, были установлены политические и культурные ценности в обществе и определена ориентация на национальное процветание.

В целом задачи поставленные на командировку выполнены.

Целью казахстанского образования может быть только одно - человек духовный. И вот тут величайшую роль могут дать знания на которых обсуждались бы нравственные принципы общественно-политического движения «Алаш».

**Батырбеккызы Г.**
**PhD, ст. преподаватель кафедры «История Казахстана»**
**Джалилов А.М.**
**Магистр, преподаватель кафедры «История Казахстана»**






# Амангелді ауданы уақыт пен үндескен өңір

**Амангелді атамыздың мемориалдық мұражайының құрылғанына 50 жылдан уақыт асса да жарық көріп отырған бұл мақала біраз тың деректермен толықтырылған. Батыр атамыздың ауданындағы мұражайдың өткені мен бүгінгі келбетін көрсетіп, өңірдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени құндылықтарды насихаттауда осы мақаланың жазылуы мен зерттелуі тарихи шындық деп ойлаймын. Бұрын еш жерде жарияланбаған мұражайдың жәдігерлері мен жеке өзіз саяхат жасап қайтқан ауданның мұражайындағы көрнекі орындардың суреттерімен қоса берілуі де сәтті шыққан. Кеңес дәуіріндегі 15 Еңбек ері шыққан Амангелді ауданында Әнуар Боранбаев пен Ақан Нұрманов, Әлфайыз Ыдырысов пен Сапабек Әсіпов есімді біртуар азаматтардың туғаны және бүгінгі ізбасарларын да атап көрсетуі үлкен ізденістің жемісі. Мен осы мақаламда, батыр атамыздың тарихын зерделеуші ретінде, болашақ жас азаматтарымыз үшін де, осы ауданға барып осы құнды мәліметтерді жинап, оқырманға ұсынып отырмын.**



Амангелді Үдербайұлы Иманов атамыз 3 сәуір 1873 жылы бұрынғы Торғай уезі, Қайдауыл болысына қарасты, Терісбұтақ деген жердегі №3 ауылындағы орта шаруа отбасы Үдербай Имановтың отбасында дүниеге келген. Халық батыры А.Иманов ұлы бабамыз Кенесары Қасымұлының үзеңгілес серігі Иман батыр Дулатұлының немересі. Ол жеті жасында әкесінен жетім қалады. Анасы Қалампыр батыр атамызды бір жылдан соң ауыл молдасынан білім алуға береді. Оқуды зергектігімен меңгеріп келеді. Баланың өте қабітеттлігін байқаған ағайын-туыстары Дулығалы өзеннің бойындағы Әбдірахман имамның медресесіне оқуға береді. Амангелді атамыз осы медреседе төрт жыл білім алады. Түрікше, парсыша, арабша кітаптарды көп оқып, оларға өзінше мағаналық дәрежеде қол жеткізеді. 1910 жылдан бастап Амангелді орыс тілін үйренуге бет бұрады. Қарысақпайда орыс жұмысшыларымен бірге дос бола жүріп, орыс тіліндегі газет-журналдарды оқи бастайды. Амангелді Иманов атамызға саяси сауаттылықтың алғашқы сабақтарын сол кездегі тарихи жағдай, қоғам өмірінің дамуы берді деуге болады.

Амангелді Үдербайұлы атамыз ел ішіндегі дау-шараға ерте араласқан ұлы тұлғалардың бірі. Сол себепті Ресей империясының жергілікті билеушілердің қудалануына ұшырап, 1896-1911 жылдары арасында бірнеге рет түрмеге отырғызылды. Амангелді батырдың ұйымдастырушылық және қолбасшылық таланты 1916 жылғы Ресей императоры Николай II-нің маусым айындағы Қазақ далалық өлкесіне арналған жарлығына қарсы ұйымдасқан наразылығына қолдау көрсеткені тарихи шындық. 2-3 ай ішінде елеулі күшке айналған көтерілсішілер Қоғалыкөлде бас қосып, Әбдіғаппар Жанбосыновты Хан сайлап, Амангелді Имановты көтеріліс қолбасшылысы-Сардар етіп тағайындады. Амангелді Үдербайұлы 1918 жылы 21 наурыз – 2 сәуір аралығында Орынбор қаласында өткен Торғай Кеңестерінің тұңғыш съезіне қатысты.

Торғай уезінің әскери комиссары болып тағайындалды. 1919 жылы 20 сәуірде Торғайда Кеңес өкіметі құлатылды да, Амангелді батыр тұтқынға алынды. Батыр қазақ азаматтарын бір-біріне қарсы қойған алласапыран уақыттың алмағайып саясаттың құрбаны болды. Халық батыры 1919 жылы 18 мамырда қаза тапты. Батыр атамыздың мәйіті 1 жыл өткен соң, әуелі Алакөлге 1940 жылы аудан орталығына әкелініп жерленді. 1959 жылы аудан орталығындағы «Шұғыла» ЖДО алдына жерленіп, қабірінің басына мүсінші Х.Наурызбаев ескерткіш ортнатты. Амангелді Иманов тан Рамазан, Шәріп есімді екі бала қалды. Ұрпақтары Алматы қаласында тұрады.

Қазіргі таңда ғаламтор арқылы ақпарат алмасудың дамыған соншалықты жалған ақпараттармен жұртты жаңылыстыратындар көбейіп кетті. Соның нәтижесінде түрлі өсек- аяң , айтыс-тартыс, тіпті тарихты бұрмалаушылықтың орны алып жатқаны жасырын емес. Уақыттың ағымымен ұрпақтар алмасуы да табиғи құбылыс. Белгілі бір оқиғалардың куәгері-көзкөргендердің болмауы себепті жалған тарихшылардың өзінің «оң жамбасына» ыңғайлап сенсация іздеуі-ұрпақ алдында қылмыспен пара пар келеді. 1916 жылғы маусым айындағы Ұлт- азаттық қазғалыс пен оған қатысты құнды деректерге байланысты біраз дүниелер жазылды. Менің айтпағым келгені, халықтың батыры атанған Амангелді атамыздың жерленуі жайлы болмақ. Осы құнды деректерге қатысты да ел ішінде алып-қашпа әңгімелер мен түрлі нұсқалар айтылды. Еліміздің баспа беттерінде жарияланған деректер бойынша кейі біреулер 3 рет, ал енді біреулері 4 рет жерленді деген пікірлер білдіріп келеді. Осы әңгімелерге нүкте қою мақсатымен батыр атамыздың жерленуіне орай нақты деректер іздеуге тура келді. Қысқасы, арихив құжаттарында аныталып жазылған еңбектермен танысып, сол уақыттағы оқиғаларға қатысты қалам тербетіп жүрген азаматтар мен байланысты. 1919 жылдың мамырында батыр атамызбен бірге өлтірілген 17 кісінің жатқан жерлері мен мәйіттері Торғай даласындағы «Партизан сайына» жасырылған.

Бізге жаткен деректер бойынша, Амангелдінің кіші әйелі Балымның (Шын есімі-Балбике, 1904-1933 жж. Мақтарал) айтуымен батырдың киіміне салынған өрнегінен анықталған. Сүйген анасы Қалампырдың өтінішімен Бегімбеттің Алакөл деген жердегі қорымға әкеліп, 1920 жылы өмірден өткен бәйбішесінің (Рәш Сейдалықызы-1886 жылы өмірге келген, руы арғын,тағышы) жанына жерленген. 1921 жылы төрт құлақ там орнатылып, құлып тас қойылған. Ол құлыптасты қазір де Амангелді Иманов ескертікішінің басынан көруге болады. Бұл құлып тас алғашқы жылы мұражайға тапсырған болатын.



Амангельдінің ұлдары- Рамазан мен Шәріп



Рамазан Амангельдиев және Бақыт Иманов



Амангельді Имановтың қызы Мәкен

Осы аталған құлып тасты Орталық Қазақстандағы Ұлы тау етегінен алып келген болатын. Оның биіктігі - 55 см, ені - 30 см, қалыңдығы - 7 см. Тасқа жазуды беруші Сейдахметұлы Сүлекей, ойып жазушы-Төлгенұлы Биязит. Арабша жаз үлгісінде: «1919 жылы 18 майда Қыпшақ ру, Кедел-Бегімбет тайпасы, Амангелді Иманов, дарлы-панидан дарлы пакияға рахал еттім» (Бұл дүние тіршілігінен о дүние тіршілігіне көшті) деген ұғымды біліреді.1936 жылдың қыркүйек айында Бетпаққара ауданының атауы өзгертіліп, Амангелді атамыздың есімі берілді. Осы елді-мекен менің нағашыларымның туып-өскен ата-қонысы болып табылады.

Ұлты азаттық көтерілістің 20 джылдығымен тұспа-тұс келген осы оқиға орай батыр атамыздың сүйегін аудан орталығына әкеліп жерлеу туралы мәселе қозғалды. Осы сөздерім дәлел болу үшін, бұрынғы ауданды газетке жарияланған оқиғаның куәгерлерінің жазбаларынан үзінді беруді жөн самаймын. 1983 жылы 2 сәуірдегі «Тың шұғыласы» газетінің № 39 сынында Іздей Мұханбетжановтың жазған «Батырдың ұлағатты жолы» аталатын естелігінде: Амангелді Иманов атамыздың сүйегін, басындағы ескерткіш тасын Бегімбеттің Алакөлінен аудан орталығына,осы күнгі Амангелді ескерткішінің асына әкеліп қойды. Батырдың сүйегін әкелуге баласы Рамазан, Иманов Бақыт, үзеңгілес сарбаздары Ыбырай Атымбеков, Әлжан Қарабев, Әбжан Құндызбаев қатынасты-деп атап көрсетілген.

Аудандық газетте жарияланған тағы бір мақалада батыр атамыздың туыстық жағынан жиен болып келетін Сейткамал Сейтеновтің (1906-1997 жж) естелігі. «Аудан басшылары Амангелді атамыздың сүйегін әкелуге 7 адамды бекіткен болатын. Олар басшы ретінде Атамбеков Ыбырай бастап, Дәуітбаев Байназар, Байтөрин Қожабек, Жантасов Сыздық, Байтасов Төлеген, Байсалов Қуантай есімді азаматтар болды. Ауданан бізге екі түйе, бір ат, екі арба, жер қазатын құралдар мен азық-түлік берілді. Қазан айының аяқ кезі еді, ақ жаңбыр үзбей жауып тұрған болатын.» деп сүйекті әкелу сапарын егжей тегжей баяндап берді.

Екі автор да жерлеу рәсімінен кейінгі митинг болғанын, аудандық газет редакторы Бақыт Имановтың баяндама жасап, біраз кісілердің сөз сөйлеп, Әбжан Құндызбаевтың өлең оқығанын тілге тілек етті. Кейін басына қызыл кірпіштен ескерткіш белгі орнатылып, ол қазіргі мүсін қойыларда ғана бұзылған. Бұдан соң да батыр атамыздың туған және қайтыс болған жылдарына сәйкесті республикалық көлемде ауқымды іс-шаралар өткізілген болатын.

Әр жылдары Амангелді Имановтың қайтыс болғанына 25 жыл толуына орай 1944 жылы, туғанына 90 жыл толуына орай, 1963 жылы, 100 жылдығна орай 1973 жылдары мерей тойлық іс-шаралар атап өтілгені белгілі болды. 1958 жылы 138,6 мың сом қаражатқа негізделіп батыр атамыздың мүсінін жобалық-сметалық құжаттары әзірленді. Архитектор-Токарь, мүсінші Х.Наурызбаевты алдырып, батыр атамызға ескерткіш қояды. Атақты мүсінші өзінің жобасында баян еткендей, Алматы қаласына келген бір спарында Орекең әдейі соғы, Торғайға шақырады. Шаршаған елді ояту керек, олай жасамасақ ерлік тумайды-деп қолдау жасаған соң, сыйластықтан аттай алмай, атақты мүсінші елге келіп, Амангелді атамыз бен басқада батырлардың мүсіндерін жасайды. Бұл жайында Х.Наурызбаев өз сөзінде: Амангелді мүсінін жасаған кезде, «Батыр адам жерге қарамайды, оған оған қыран секілді көзқарас керек» деп, сыншы бола жүріп, бар жанын салды.

Осы тұғырдағы батырдың: «Соғыс бітті» - деп, қылышын қынабына салып тұрған бейнесіне барынша толғанып, ризашылығын білдіріп еді-деп еске алады. Осы тұста айта кеткенім, осы аймақа жасаған сапарында елде жүргізуші болып жұмыс жасап жүрген Әбілбек Ұзақовтың талабын, танып, өзіндік талантын бағалап, өзіне көмекші еткен, болашақта ел таныған талантты тұлғаға айналуына бірден-бір шапағатын тигізген де Наурызбаев болатын. Мүсін дайын болғанан кейін, ел азаматтары өзара ақылдаса келіп, батыр атамыздың соңғы жерленген қабірінің үстіне қоюға кіріседі.

Осы уақытта салтанатты жиын ұйымдастырылып, ескерткіш ашылады. Осы жиынға облыстың көлемінен, көршілес Ұлытау өңірінен арнайы қонақтар шақырылып, батыр сардар атамыздың серекітері болған, Х.Байкемелов, Ы.Атамбеков, Б.Төлегенов арнайы қатысады. Осы жиын туралы республикалық «Сельская жизнь» газетінің ұжымы 1960 жылдығ 21 маусымындағы нөмерінде К.Әйтеновтың мақаласы жарыққа шыққан болатын. Кей азаматтар айтып жүргендей, 1940 жылы аудан орталығындағы Сатыбалды Ишан жатқан қорымға немесе ескі аэрапорт маңайына жерленді деген қисынға келе қоймайды. Өйткені, сүйек алғаш жерленді деген орын әрі кетсе 200 м ғана қашықтықты орналасқаны табылды. Әр сүйекті әкелер кезде басшылар ауданның генпланына сүйенгені анық көрініп тұр.



Торғайдағы 1919 жылы А.Иманов тұрған және әскери комиссариат үйі



*Батыр бабамызға арнау*

*Нағашымның жерінде Амангелды*
*Осы өлеңді жазуыма шамам келді*
*Патша өкіметтен азаттықты аңсаған*
*Қазағымның қас батыры Амангелді*

*Ата-баба көп қорлықтан өткенде*
*Қалды сызат менің мына өкпемде*
*Қызылдар мен ақтар болып бөлініп*
*Қырғын салып ауылдарды өткенде*

*Ғасыр менің тарихымның бұлағы*
*Ақиқатта тарих шының құлағы*
*Амангелді атамызды пір тұтқан*
*Көбейсінші қазағымның сұрағы*

*Таң нұрымен азаттықты аңсаған*
*Амангелді атамызбен жар салам*
*Тарихымының осы енді куәсі*
*Азаттықты мен осылай қарсы алам*

Қылышынан қан тамып тұрған кеңестік кезеңнің, әсіресе, 1937 жылдары қорымнан басқа қорымға көшіру емес, мақсаты идеологиялық тұрғыда болған деп нақты айтуға болады. Осы болған уақытқа тағы бір дәлео ретінде: басты куәгер С.Сейтенов оқиға желісін нақты уақытпен баяндап, батыр атамыздың сүйегін осы күнгі орынға жерленіп, ескерткішті тұрғызуға өзінің қатысқанын айтады. (Ғалым Т.Расаевта С.Сейтеновті негізгі куәгер ретінде мақұлдайды). Осы уақыттың қалай өткендігі туралы батырдың с.йегін қазіргі уақытта «Шұғыла» балаларға қосымша білім беру орталықтарындағы ескерткіштің астында жатқандығы барша жұртқа ақиқат болып қалып отыр.

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжі, Қазақстан тарихы пәні оқытушысы,саясаттанушы магистр үздігі**
**Досыбай Нұрлыбек Жолдасбекұлы**





# Рухани жаңғыру – ой-сананың кемелденуі

*Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:*
*Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек*
(Абай)

Ұлт – тірі ағза. Қоғам дамыған сайын ұлт та толысып, дамып, кемелденіп отыратыны да заңдылық. Кез келген ақылды азаматтың мойындайтын тәлімді түйіні. Осы түйінді тірек қылған кім-кімде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүрегінен өткізіп, жүзеге асырылуына атсалысу қажет. Ұлт руханиятының ұлы шырақшысы, дана Абай: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» деген ойының астарында үлкен ой жатыр. Әрине дүниеден өз орнын табатын жастың бойына ұлттық тәрбие мен ұлттық құндылықтарды жас күнінен сіңіруге міндетіміз. Отбасында ата-ана, мектепте мұғалім, кез келген ортадағы аға-апалар баланың жан-жақты толысуына бағыт көрсетіп, жол сілтеуі тиіс. Баласағұнның «Құтты білік» дастанында: «Мақсатыма жетемін бек демеңіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз» деген ойының өзінен-ақ, рухани кемелденудің бір жағы жан-жағына ізгілік нұрын шашып ғибратты ғұмыр кешу ме дейсің.



Бабаларымыз дүние байлығынан да рухани байлықты алға қойған. «Жаратқаным бала бер, бала берсең сана бер, Болмаса оны ала бер» деген тоқтамының өзінде не деген көрегендік пен батылдық менмұңдалайды. Қаншама жан-дүниеңді еріксіз байлап алатын жыр-дастандар, мақал-мәтелдер, ән-күйлер ұлтымыздың рухани байлығы мен сарқылмас інжу-маржандары. Ондай байлықты игеріп отырған ғаламда жұрт некен-саяқ. Сондай ұлттың өкілдері болғасын ба, қай салада болсын жетістікке жетіп жатқан жалынды жастарды көп кезіктіруге болады. Өнердегі, мәдениеттегі, спорттағы, кәсіптегі жетістікке жеткен жандардың бойынан қазақтың тектілігі, бабаларымыздың баһадүрлігі, данышпандығы мен мәрттігі, жомарттығы мен шешендігі сияқты тамаша қасиеттері көрінеді. Қазақтың салт-дәстүрлері мен ырымдарының өзінде ұлттық болмысымыздың қанық бояулары мен ұлттық таным-түсініктеріміз жатыр. Бұл – қасиетті ұлттық кодымыз.

Қазақ зиялыларының барлығының ойында ұлттың рухани кемелденуіне негіз болатын дүние қалдыру мақсаты тұрды. Және олар сол мақсатқа жетті де. Ұлттың ұлық болуы сол ұлттың ішінен шығатын ұлы тұлғаларға да байланысты.

Өткенсіз бүгін жоқ. Бүгінсіз ертең жоқ. Осы алтын арқауды берік ұстап, ұрпақтар сабақтастығын сақтай отырып, келешекке көш түзеген алаш жұрты үздік отыз елдің қатарынан табылуға мүмкіндік те, оған жеткізетін қажыр-қайрат та табылары сөзсіз.

Алла мың өліп, мың тірілген, азат күнін аялаған, тізгін ұстар тұлғаларын құрметтеген алаш жұртын сол күнге жеткізсін! Сөз соңын мына өлең шумақтарымен аяқтауды жөн көрдім.

Айтар ойдың келер болсақ мәніне,
Тұлғаларын отырғызып төріне,
Барлық қазақ кемелдікке ұмтылып,
Рухани дами түсер әлі де.

Еліменен жетері анық ер баққа,
Даналарын алар уақыт таңдап та.
Біздің қазақ ой-санасын жаңғыртып,
Ұмтылады «Мәңгілік ел» болмаққа!

**М.С. Байдабекова, Г.Т. Мамбетова, А.Ж. Мерекеева,**
**"Техникалық мамандықтар бойынша шет тілдер" кафедрасының аға оқытушылары**

# Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи маңызы

XIX ғасыр Қазақстан үшін Ресей империясына тұтастай бодандыққа көшумен ерекшелінеді. XX ғасырдың басында ол шикізат өндіретін әрі сауда рыногы болып танылған отар өлке санатында жалпы ресейлік шаруашылық кешеннің құрамы бөлігіне айналды.



Капиталистік қатынастарға ерте кешен елдер дамуы жағынан едәуір озып кетіп, әлемнің қарқыны дамыған мемлекеттердің алдыңғы легін құрды. Ресей капиталистік экономика жолына кеш түссе де, жедел дамып, орташа дамыған екінші лекте өзін нық сезінді. Азияның, Африканың, Латын Америкасының баяу дамыған елдері үшінші қатарда қалды. Алдыңғылары соңынан ерген елдерге қысым жасады, олардың ішкі істеріне қол сұқты, байлығы мен шикізатын пайдаланды. Ресей де Азия елдеріне көз тікті, шет өңірлерді өзінің отарына-шикізат, тұрақты нарық көзіне айналдырды.

XX ғасырдың басында капиталистік елдер арасындағы қайшылықтар күйшейе түсті. Дамыған мемлекеттер арасында бөлшектеніп кеткен отарларды қайта бөлісkісі келді. Оларға арзан шикі зат көзі жетіспеді. Өзара топ құрып одақтасқан бәсекелес әскери-саяси блоктар-үштік Одақ-Германия, Австро-Венгрия мен Антанта-Франция, Англия, Ресей, елдері арасында құрылды. Осы одақтар арасында орын алған 38 мемлекеттер қатысқан 1 дүниежүзілік соғысқа әкеліп соқтырды.

«Қазақ» газетінде Әлейхан Бөкейхановтың «Тағы соғыс» деген мақаласы басылып шықты. Осы мақаласында автор соғыстың әділетсіз екендігін, күшті мемлекеттер тарапынан зорлық-зомбылық саясатын жүргізіп отырғаны дәлелденді. Автор: «Бұл соғыстың жалпы жұртқа пайдасы жоқ. Кпиталистер өз пайдасын көреді, ал қарпайым халық өз қанын төгеді. Жирмасыншы ғасырда Куропа патшалықтарының қылған ісі кімінің алдында ақталмақ?» - деп жазды.

Қазақ сахарасының болмысы XX ғасырдың басында күрделене түсті. Ресей Азиялық Шығысты отарлау мақсатында 1907-1912 жылдардың өзінде елдің европалық бөлігінен 2 млн 400 мың адамды әкеліп күштеп қоныстандырды. Қазақтар өздерінің ата қонысынан айрылып, басқа да Орта Азиялық елдерге көшуге мәжбүр болды. Сонау Столипин реформасы кезінде-ақ «Санк-Пербургские ведомости» газетінде жазылғандай: «Егер мемлекет мүддесі қырғыздарды құрбан етуді талап етсе, әрине бұған қарсы шығудың керегі жоқ...» - деп жазылған болатын.

Көтерілістің басты себептерімен басталуына тоқталар болсақ, Қазақ даласынан тартып алынған ет, мыңдаған жылқы мен түйе майданға жіберілді. Әскерге алынған отбасыларына көмек көрсетуді желеу етіп, қарапайым малшылар мен шаруаларды кулактар шаруашылықтарына, кәспорындарға «ерікті түрде» жұмысқа тартты. 1916 жылы патша әкімшілігі ресейлік отаршылдар үшін жаңадан жер тартып алуды ойластырды. Ахмет Байтұрсынұлы сонау 1913 жылдың өзінде: «Жалпы Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі үлкен мәселеге айналды»-деп жазған еді.

1916 жылғы көтерілістің негізгі себебі ұлттық және әлеуметтік езгінің қарпайым халықтың кегін қайтаратын деңгейге жетуінен басталды. Отаршылдық болмысқа, туған елдің талан-таржыға салынуынан, кіндік қаны тамған жерден айырылуға шыдамы таусылған халық бұқарасы патша үкіметіне қарсы күреске шықты. Қазақтардан қара жұмысқа жігіттерді алу-көтеріліске желеу болған негізгі себепші фактор еді.

1916 жылы 25 маусымдағы патша Жарлығы бойынша, соғысқа қара жұмсқа 19-бен 43 жас аралығындағы еңбекке жарамды барлық ер азаматтар алынуға тиіс болатын. Сол арқылы патша үкіметі көптеген орыс әскерлері мен жұмысшыларын неғұрлым арзан жұмыс күші ретінде «реквизициаланған бұратаналармен» ауыстырып, олардың қорғаныс құрылыстары мен басқа да тыл жұмыстарынан босатқысы келді. 500 мыңнан астам жігіт алу көзделді. Бұл жағдай қазақ даласына үлкен қобалжу туғызды. Атақты ақын Міржақов Дулатов айтқандай: «қазақ жұрты сендей соғылды, түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айрылды»-деп жазған екен.

Патша өкімет айла қолданып, қоғамның болмашы бір бөлігін-жергілікті әкімшілікті, байлар мен мұсылман дінбасыларының бір қатарын жалпы ұлыттық қозғалыстан бөлшектеп, аман алып қалды да олар жергілікті әкімшіліктің тыл жұмыстарына адамдар алуына көмектесті. Сол үшін олардың туған-туысқандары, балалары қара жұмысқа тартылмай, босатылып отырды. Осы жағдай қарпайым кедей шаруалардың ызысын туғызды.

Мәселен Қостанай уезі Мендіқара болсының батырақ-шаруалары былай деп жазған: «Кедей шаруалардың ауру балалары, жұмысқа жарамды деп танылды, ал бай балалары дені сау және тепсе темір үзетін болса да, әскери алқалардың төрағасы мен мүшелеріне көп пара бергендіктен, үйлеріне қайтарылды» - деп жазылған.

Осы аталған патша жарлығына қарсы жауап ретінде орасан ауқымды өңірдің-Қазақстан мен Түркістаның халқы стихиялы түрде бір мезгілде көтерілiске шықты. Жер-жерде көтерілсшiлер өзара жасақтар құрып, олар қара жұмысқа шарықлған жастардың тізімін тартып алып, жойып жіберді, байлардың ауылдарына шабулдар жасады, борышқорлық және салық тілхаттарын жойды. Жерді сату басқармаларын, болыстардың ауылдарын талқандады. Көтерілісшілердің патқа әскерімен қақтығыстары жиілей түсті.

Осы 1916 жылы көтеріске шыққан халық бірінші кезекте отарлауға дейінгі дәстүрлі мемлекеттік басару жүйелерін қалпына келтірді. Кей жерде дала дәстүрі бойынша ақсүйек өкілдерінен хан сайлап жатты.

Осы жылдың өзінде Ырғыз, Торғай уезінде дала ақсүйектерінің 9 өкілі хан көтерілді. Ақмола облысының Ерексай және әйелді болыстарында хан және 4 қазы сайланды. Шерубай-Нұра болысында - Нұрлан Қияшев, Қарашақ болысында Оспан Шоңов хан бролып жарияланды. Верный уезінің Жайымтал болысының ханы болып Бекболат Әшекеев сайланды. Болыстық басқару жүйесі қалыпна келтіріліп, ел бегі-әкім, сот алқасы-жасақшы, зазына билеуші-қазнашы, көтерлісшілер армиясның қолбасшысы-сардарбектер тағайындалды.

Көтеріліске шыққан халық күш біріктіру қажет екендігін түсінді. Верный уезінің көтерілісшілері Наманған және Таластың жоғарғы ағысындағы Әулиеата уездерінің көтеілісшілерімен байланыс орнатты. Көтеріліске шыққан албандар ұйғырлармен күш біріктіріп қимыл жасады.

Қазақ демократтарының саяси көзқарастары бойынша, жершілікті патша әкімшілігінің анықтамасы бойынш, қазақ даласында біреуі-жұмысшылар бергісі келмейтін, екіншісі-бұйрықты орындауға келісетін екі партия құрылды. Байлар ауыл старшындары патша Жарлығын жақтап ал кей біреулері қолдап шықты.

Әлейхан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақов Дулатұлы бастаған қазақтың леберальды-демократиялық зиялық қауымы басқа бағыт ұстанды. Олар қазақтарды «Ресей мемлекетінің бодандары, Отанының перзенті» деп санады. Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ секілді ілгері жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жарақ асынып, мемлекет қорғауға лайық еді, қатарда жоқ қра жұмысқа байланыуын біз кемшілік деп санаймыз»-деп атап көрсетті.

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақов Дулатұлы өздері қол қойған үндеуде екі баламаны алға тартты: «Бірі-барса, алған жігіттер қазаға, биенетке аз ұшырайды, екіншісі-бармаймын» - деп қарсылық қылса, елге зор бүліншілік келеді. - деп атап айтты.

Қозғалыс басшылары қазақтарды тыл жұмыстарына шақыруды уақытша кейінге қалдыруды, оны тиісті дайындық жұмыстарынан соң жүзеге асыруды ұсынды. Бұл орайда олар жеңіспен біткен жағдайда өз халқының тағдырын жеңілдетуден және ұлыттық автономия құрудан үміттенген болатын. Олар: «қарусыз халық үкіметінің жазалау шараларының құрбандары болады-деп қауіптенген болатын. «Тыңдаңыздар, қанды босқа төкпеңізде, қарсыласпаңыздар» - деп жазғаны тарихи шындық. 1916 жылғы қазандағы Үндеу хатында осы сөздерді айтқан болаты.

Қазақ халқының леберальды - демократиялық ойшыл өкілдері отаршыл империямен парасатты ымырластық тәсілін жүргізуді, халықтың амандығын және оның этностық тұтастығын сақтау идеясын бірінші орында ұстады. Қазақстан тарихында осы бағыттың дұрыс болғанын дәлелдер келтіріп отыр.

Ұлт-азатты қозғалысқа ревалюцияшыл-демократшыл зиялы қауым өкілдерінің, оның ішінде: Тұрар Рысқұлов, Тоқаш Бокин, Ә.Майкотов, Сәкен Сейфулин, С.Мендешев, Әлиби Жангелдин, Б.Алманов есімді Алаш азаматтары да қатысты. Күрес барысында әлеуметтік жанжалдарды шешуге әр түрлі топтардың белгілі бір көзқарастары сынақтан өткен болатын.



Торғай облысындағы 1916 жылғы Амангелді Иманов басқарған көтеріліске және кейін азамат соғысына қатысқан ақын Әбжан Құндызбаев

1916 жылғы ұлт азатты қозғалыстың қозғаушы күші бүкіл Қазақстанды, Орта Азияны, Сібір мен Кавказдың бір бөлігін қамтыды. Ол осы аталған себептерге байланысты басталып, әлеуметтік құрамы жағынан біртекті болған жоқ. Оған көмір кеніштерінің, мұнай кәсіпшіліктерінің, Ертіс кеншілерінің, Омбы, Орынбор-Ташкент теміржолшыларының қазақ жұмысшылары қатысты. Олардың



1916 жылғы көтеріліс кезіндегі Амангелді Иманов жасағының байланысшылары

ауыл мен және шаруа қожалықтарымен байланысы қозғалысқа сихиялы шаруалар қозғалысы сипатын берді. Осы қозғалыстың басты күші тұтастай халық бұқарасы болатын.

1916 жылғы қозғалыстың ауқымды әлеуметтік негізі бар еді. Жалпы ұлттық бірігу және ұлттық тәуелсіздік идеясы қазақ шаруалары мен жұмысшыларының түрлі топтарын, қалыптасып келе жатқан ұлттық буржуазия мен даланың дәстүрлі ақсүйектерін, ұлт зиялыларын орыс және шетел капиталына қарсы біріктірді. Тұтас ауылдар, болыстар, уездер өздерімен бірге барлық мүліктер мен малын алып, дала қойнауына тереңдеді, көтеріліс шыққан аудандарда оларға байлар да қосылуға мәжбүр болды. Басқа да ұлт өкілдері-дүнген, ұйғыр, өзбек, қырғыздар да осы қозғалысты қолдап бірге қосылып шықты.

1916 жылғы қозғалыстың ең ірі оқиғаларының бірі Торғай облысында орын алды. Мұндп қазақ шаруаларының күресі мейлінше табанды болып, ұзаққа созылды. Жергілікті ауылдық-болыстық әкімшілік басқарудан аластатылып, билік көтерілісшілердің қолына көшкен болатын. Торғай уезіндегі қыпшақ руынан шыққан қазақтар Орта жүздің ықпалды биі Нияздың немересі, аса беделді Әбділғафар Жонбосыновты өздерінің ханы деп сайлаған. Атақты Иман батырдың немересі Амангелді атамызды сардарбек етіп тағайындады.

Торғай жеріндегі қозғалыс ошағы биліктің бір орталықта болуымен, көтерілісшілер қозғалысын басқарудың тәртіпке келтірілген жүйесімен көзге түсті. Әскери іс мәселелеріне Әскери Кеңес баса назар аударып отырды. 1916 жылғы қыркүйекте Торғай уезінде Амангелді Иманов атамыз көтерілісшілердің үлкен жасағын құрып, қару жасаушыларды ұйымдастырды және көтерілісшілерді әскери өнерге өзі үйретті. Олардың жалпы саны 20 мыңға дейін жеткен деген тарихи деректер бар. Көтерілісшілер қатарын Ырғыздан, Қостанайдан, Ақтөбеден, Бақоңыр және Шоқпаркөл кеніштерінен, Орынбор-Ташкент теміржолынан келген жұмысшы шаруалар толықтырып отырды.

Осы 1916 жылғы көтерілістің сардарбегі Аменгелді Иманов атамыз ұрыс жүргізудің өзіндік тактикасын қолданды: мергендерден ерекше жасақтар құрып, оларды шағыл құмдардың арасына орналастырды; жазалау отрядтарының коммуникациялық жолын тез қимылдайтын атты әскер жіберіп отырды. Жазалаушылар Торғай көтерілісшілерінің әскери сап құратынын, колонамен лек-лек болып жүріп, бірден лап қоятын, тынығу кезінде тосқауыл қойып, 25 шақырымнан астам жерге шолғыншы отыратынын байқап біліп отырған.



Амангелді Иманов жасағының жазалаушы отрядпен шайқасын бейнелейтін картина

Қазан айының соңында Амангелді Иманов бастаған 15 мың көтерілісші Торғай қаласын қоршауға алды. Осы көтерілісшілерді талқандауға патша үкіметінен генерал Лаврентьев басқарған тоғыз мың адамдық жазалаушылар корпусы жіберілген болатын. Торғай жеріне беттеген жолында жазалаушы отряд қазақ ауылдарына ойран алып өтті. Торғайды басып ала алаламайтын болғандықтан, көтерілісшілер қоршауды тоқтатып, Бетпаққара жазығы мен Аққұм құмының маңына ірге теуіп, партизандық күрес әдісіне көшеді.

Осы уақытта Амангелді атамыздың жаң серігі болған, мерген батыр Кейік, өзінің жасағындағы жігіттермен құйындай ұйтқып жасаған шабуылдарды жазалаушылардың зересін ұшырды. Амангелді Иманов атамыздың сарбаздары жазалаушы отрядтарына Татыр, Шошқалы қопа, Күйік қопа, Доғал-Үрпек түбіндегі шайқастарда, Торғайды қоршаған кезде табан тірескен қарсылықтар көрсетті.

Осы жердегі Доғал-Үрпек түбіндегі ұрыс жеңіліспен аяқталды. Шегіне отырып ұрыс жүргізген 40 сарбазды жазалаушылар қоршауға алды. Сарбаздар соңғы оғы қалғанша атысып, тірі қалғандары кешке қарай қолдарына найза алып, қоян-қолтық айқасқа түсті. Көтерілістің аяусыз жанышталғанына қарамастан, көп жерде бой көрсету бұдан кейін де біраз уақытта жалғасын тауып отырды.

Патша өкіметің жіберген жазалаушы отрядттары барлық көтеріліске шыққан қазақтардан аяусыз кек алды. 3000-ға жуық адам жазаланды. Жүздеген елді-мекендер мен ауылдар өртеліп, көптеген көтеріліске қатысы жоқ бейкүне адамдар атылды. Алайда тарихтың өз тәрік еткен отаршылдық жүйені жазалау экспедициялары да, әскери-дала соттары да, атып-асу да құтқарып қала алмады. Бұл қазақ халықының езілген Ресей халықтары азаттық күресінің жалпы тасқынына бір жола қосылған еді. 1916 жылғы қозғалыстың тарихи маңызы қазақ ұлтының азаттығы жолындағы империализмге, отаршылдыққа қарсы сипат алғаны бұл тарихи шындық. XIX ғасыр Қазақстан үшін Ресей империясына тұтастай бодан болуымен ерекшелінеді. XX ғасырдың басында ол шикізат өңдейтін әрі сауда рыногы болып танылған отарлы өлке есебінде жалпы ресейлік шаруашылықтың кешенді құрамы мен бөлігіне айналған болатын.

Қазақ халқы отаршылдық езгіге қарсы мойынсұнып отыра бермеді, үнемі қарсылық әрекеттер жасап отырды. Азаматтық қарсыласудың жалпылама сипат алу көрінісі патшаның 1916 жылғы маусым Жарлығына қарсы туындаған болатын. Бұл қозғалыстың тарихи маңызы-ұлттық және әлеуметтік езгіге қарсы халықтың кегін қайтару, азаттық жолын аңсау жолына арналды. Отаршылдық болмысқа, туған елдің, туған жердің талан-таржыға салынуына, кіндік қаны тамған жерден айрылуға шыдамаған қазақ халқының патша үкіметіне қарсы жаппай күреске шығуы тарихи шындыққа айналып отыры.

Осы уақытта қазақтардан жаппай қара жұмысқа алу, осы қозғалыстың негізгі себебі емес, оған қоса жерінен, ата қонысынан айрылған қазақтардың наразылығын күшейткен болатын. Қазақ халқының 1916 жылығы ұлт-азаттық қозғалысының тарихи маңызы, барша елімізідің азаматтарына тәуелсіздіктің алтынан да қымбат екендігін ашып көрсете білді. Ұлттың азаттығы жолындағы қозғалыс біздің тарихымызда ізсіз кеткен жоқ: жалпы халық болып, ұлттық санамызға сіңіп, ұлттық азаттығымыздың қымбат екенгін оята білді. Отаршылдаға қарсы күрес тәжірбиесін молайтты, саяси аренаға қазақ зиялыларының демократиялық бағыттағы күрес тобының өсіп шығуына тікелей өз ықпалын жасады.

**Садуакасова Г.Е.,**
**М.Әуезов атындағы**
**ОҚУ колледжі, директорының**
**оқу ісі жөніндегі орынбасары**



# Ономастика – ұлттық сананы қалыптастырудың рухани қайнар көзі

Кез-келген топонимдік атаулар – сол жерде орналасқан этностың көне заманнан бергі жүздеген, мыңдаған жылдардан қалыптасқан шығармашылық жемісі. Сондықтан да топонимдер ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық дүниетаным мен рухани болмыстың құрамдас бөлігі болып табылады. Шығыстың кемеңгер ойшылы Конфуций осыдан екі мың жыл бұрын Қытай билеушілерінің біріне мемлекеттегі істерді оң жолға қоюды жер-су атауларынан бастау керектігі туралы: «Егер атаулар дұрыс болмаса, сөздердің негізі болмайды. Сөздердің негізі болмаған жағдайда, іс те толыққанды жүрмейді, халық тарихына алаңдаумен тығырыққа тіреледі», – деген екен.

Біз осындай жаңсақтыққа жол бермеу мақсатында М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың филология факультеті студенттеріне «Ономастиканың теориясы мен практикасы» пәнін жүргізіп келеміз. Мұндағы мақсат ономастиканың қалыптасуы мен даму тарихын, тілдік сипатын ұлттық жаңа танымда жүйелеу. Мәселен, ономастикалық атаулардың түпкі төркіні мен олардың шығу тегін этимологиялық тұрғыдан айқындау бар, солардың біршамасына түсінік бере кетуді жөн санаймыз.

Мәселен, қазіргі Бәйдібек ауданына қарасты Жиенқұм елді-мекенін алайық. Бұл 1950 жылдардан кейін ел қоныстанып, мал шаруашылығымен айналысқан кезеңде берілген атау. Алғашқы кездерде мемлекет мал шаруашылығымен айналысу үшін халықты орналастыру мақсатында он үй тұрғызған. Содан он там атанып кеткен. Біздің бала кезімізде ауылда тобықтан сәл ғана төмен көшкінді құм болатын. Қазір сол құмның сілемін анықтау қиын. Шығатын қорытынды: Жиенқұм-жиын және құм компоненттерінен пайда болған атау. Түрлі экстралингвистикалық факторлардың әсерінен жиын сөзі жиен формасын қабылдап кеткен. Жиынды құм деген тіркесті білдіреді. Бұл жерде жиен мен нағашы туралы деректі үйлестірудің мерзімдік жағынан қисыны келмейді.

Осындай елді мекен атауының бірі – Шалдар. Бұл топонимді этнонимдердің (халық, ру, т.б.) қатысымен қалыптасқан елді мекен атауы деп қабылдауға болмайды. Ол жерде тек шалдар руының тумалары ғана тұрақтап тұрып жатыр деген дәлел жоқ. Өткен ғасырдың ортасында Шаянға кетіп бара жатқан жол бойында Шалдардың Каратау беткейінде бірнеше жоталар томпайып жататын. Мұны көзі қарақты бүгінгі күннің қариялары да растайды. Бұл қырқалы мекен аты, құмның жал-жал болып алыстан көрінетін формасына байланысты қойылған. Түркі тілдеріндегі шал >чал > жал тұлғаларының фонетикалық көрінісі. Бұл өлкеде Арыстанды-Карабастының желі тұрғанда Жиенқұмда да, Шалдарда да көз аштырмайтын суырынды құм болатын. Қазір сол жиынды, жалды құм сілемдерін байқау мүмкін емес, көшіп кеткен. Сонымен Шалдар елді мекенінің шығу этимологиясы жал+дар (көптік ұғымды білдіреді), жалы көп деген ұлттық танымда қойылған атау.

Бүгінгі таңда өзінің тарихи атымен аталып келген елді мекен жер аттары ешқандай ғылыми негізге сүйенбей-ақ әлдебіреулердің жасаған қиянатының арқасында өзгеріп кетіп жатады. Осындай әділетсіз өзгеріске ұшырап қайта тарихи атауына ие болған Төрткүл атауы біраз уақыт Төрткөл аталып келді.




Атақты зерттеуші ғалым Н.А. Бернштам, ономаст ғалымдар Е.Койшыбаев, А.Әбдірахманов және ономастикамен айналысып жүрген ғалымдардың бәрі тарихи тұрғыдан, ғылыми деректерді бұрмаламай, нақты археологиялық зерттеуге сүйене отырып Төрткүлдің Ұлы Жібек жолы сүрлеуіндегі сақталған бекініс орындарының үйіндісі екендігін дәлелдеген.

«Күл» деген сөзді біздің жаңа заманауи тұрғыдан ойлайтын әкімдер, жаңа қазақтар қоқыс қалдықтары деп есептесе керек. Бұл - қате түсінік, жансақ пікір.

Сондықтан ата-бабаларымыз бізденге аманат етіп, атап кеткен жер-су аттарын өзгерту дұрыс емес, қажеті жоқ нәрсе. Әсемдікке, әдемілікке бет бұрып, «Төрткөл» деп атау келешек ұрпақты адастырып, жаңсақ ой, пікір туғызады. Ал, сырт көзге қарағанда қарапайым адамның өзіне айналаны аялай қоршап тұрған төрт көл көрінбейді, болған да емес.




Байырғы түркі топонимдерінің біршамасы өзінің шығу тарихынан айырылып, аңыз-әңгіменің негізінде жаңылыс атауға айналып кетіп отыр. Солардың бірі - Түркістан облысы, Түлкібасы ауданындағы қарт Қаратаудың күнгей сілемінде жатқан биік жота Түлкібас әулие деп аталады. Бұл жерге жұртшылық кейінгі уақытқа дейін құдірет тұтып, зиярат етіп келеді. Ертеден айтылып келе жатқан аңыз-әңгімеде бұл жерді түлкінің басы сияқты әулие мекен еткен деседі, сол себепті Түлкібас атанып кетіпті. Бірақ қазақ танымында, тіпті ертегі әңгімелерінде түлкі қу, айлакер кейіпкер ретінде берілу себепті түлкіні халық санасы «киелі» етіп қабылдай алмайды.

Ал, тарих ғылымдарының корифейі, атақты академик В.В. Бартольд ғылыми еңбегінде Түлкібас жеріне іс сапармен келіп, бұл жерді аралап көріп, Түлкібас топонимі жасанды және жаңылыс қойылған атау екенін, оның дұрыс аты Түркібасы деген ғылыми пікірге келеді. Академиктің пікірінше Түлкібастан Мыңбұлаққа (Жуалыға) қарай жүргенде тау қыраттары басталып, мұнын VII ғасырда түрік қағанының резиденциясы тұрғанынан хабар береді деген пікірін айтады. В.В. Бартольд Түлкібас жасанды, жаңылыс аталым деп босқа айтпаса керек.

Ғалым пікірінде тарихи шындықтың негізі бар деп білеміз. Себебі VII ғасырда Түлкібас пен Мыңбұлақта болған қытай жиһанкезі бұл жерді түрік қағанының жаз жайлауы болғанын, мұнда қоңырлаулы теңбіл киіктердің қаптап жүргені, олардың тіпті кісілерден сескенбейтіні туралы айта келе, бұлардың бәрі қағанның меншігінде деген пікір қалдырады.

Археолог, тарихшы ғалым Мадияр Елеуов Түлкібас ауданын зерттеп, мұндағы алпыс сегіз қорған мен бақылау мұнараларын және бірнеше қала орындарын тауып отыр. Шарафкент қаласының орнын қазып, оның VII-VIII ғ. ішінде қиратылғанын нақтылы археологиялық деректермен дәлелдеп жазған. Әрине, Шарафкент VIII ғасыр ішінде арабтардың шабуылынан қираған тарихи шындық. Ғалым М. Мырзахметұлы бұл жөнінде өз ойын былайша сабақтайды: Ислам діні оңтүстік өлкесінде қатты қарсыластықпен, қырғын соғыспен орнағаны Наршаһидің «Бұқара тарихы» (IX ғ.) кітабы мен «Насабнама» қолжазбаларында ашық айтылған. Арабтарды бастаған қолбасшы Кутайба ибн-Муслим Тұран жерін жаулап ала салысымен елді мекен, жер атауларын, халық аты мен жеке кісі есімдеріне дейін алмастырып, арабша аталуына күш салғаны тарихи деректерде аталып өтеді.

Бұл өлкені Ресей империясы жаулап алған соң, түрік атын өшіру мақсатында, халық жадынан шығару үшін Орта Азияға алмастырды. Осы себепті Түрікбасы аталымы олардың саяси-идеологиялық мақсатына нұқсан келтіруі себепті Түрікбасын Түлкібасқа алмастыруы да ғажап емес. Қорытындылай айтқанда, осы сияқты халықтың тарихи жадынан шығып ұмытылған жер атауларын өзінің о бастағы тарихи қалпына түсіру - бүгінде ономастиканың заңына айналғандықтан, «жасанды, жаңылыс ұғым Түлкібасты» В.В. Бартольдтың пікірін негізге ала отырып, Түрікбасына ауыстыру тарихи парызымыз болып саналады.

Ономастика пәнін өту арқылы мағынасы түсініксіз немесе тұлғасы о бастағы түрінен өзгеріп кеткен топонимдердің сыры осы тұрғыда ашылып, атаулардың түп-төркіні, студенттерге белгілі болады.



**Тілеубердиев Б.М.**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың профессоры, ф.ғ.д.**



# Шірік-Рабат қаласы көшпенділер мәдениетінің алып құрылысы

Шірік-Рабат – көне қаланың орны. Шамамен б.з.б. 4–2 ғасырлар және б.з. 10–13 ғасырлар аралығында өмір сүрген. Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Көмекбаев ауылынан (Жаңақала кеңшары) оңтүстік-батысқа қарай 100 км жерде, Жаңадария арнасының сол жақ жағалауындағы ең биік төбенің үстіне орналасқан.

- 1946 жылы Хорезм археологиялық және этнографиялық экспедиция (жетекшісі С.П.Толстов) тауып,
- 1948–49 жылдары қайта зерттеген.
- 1957–58 жылдары қазба жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде екі жерлеу құрылысы, үлкен қоршау, көне қорған түбіндегі тұрғын үйдің бір бөлігі, қорғаныс қамалы мен мұнарасы және кейінгі ортағасырлық кезеңдегі Цитадельдің шағын бөлігі зерттелді.
- 2004 жылдан мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына сай Шірік-Рабат археологиялық экспедиция (жетекшісі Ж.Құрманқұлов) зерттеуді жалғастыруда.

Төбенің аумағы 850×600 м., сопақша. Етегі екі қатар дуалмен және ені 30–40 м., тереңдігі 3–4 м. ормен қоршалған. Қорғанға кірер қақпалар оңтстік мен батыс жағында. Қала бірнеше рет қайта тұрғызылған.

Ең көне кезеңде (б.з.б. 4–3 ғасырлар) төбенің биік жеріне сол жерді мекен еткен патшалар жерленген 6 оба мен сыртын топырақтан үйген қорған салынған. Оңтүстік жағында жаугершілік кезде панайтын және обаларды қорғаушылар тұрған бекініс-үйлер болған. Сәл кейінірек б.з.б. 3–2 ғасырларда қам кірпіштен өрілген үлкен сағана және бірнеше мазарлар мен жер асты катакомбалары салынған. Бірақ б.з.б. 2 ғ-да Жаңадария суының тартылуына байланысты қала өз тіршілігін тоқтатқан. Тек б.з. 9–13 ғасырлар аралығында өзен суы толысып, қайта жанданды. Қазба жұмыстары кезінде табылған жерлеу құрылыстары өте ерте заманда тоналған. Қазылған бірінші обаның биіктігі 3,5 м., диаметрі 60 м-ге жуық, ортасындағы диаметрі 30 м-ге жуық үлкен шұңқыры бар. Обаның ортасынан аумағы 7,5×7,5 м., тереңдігі 2,5 м. қабір шұңқыры мен оңтүстік жағынан оған кіретін ұзын дәліз (ұзындығы 15 м) табылды. Қабір ішінен жалпақ темір семсер, үш қырлы ұңғылы қола жебе ұшы, жарты цилиндр тәрізді алтын бұйым табылды. Бұл заттар обаның көне екендігін, яғни б.з.б. 5–4 ғасырларда салынғанын көрсетеді. Сырт жағынан дәліздің басталар тұсынан орта ғасырларда жерленген 10 адамның қабірі аршылды. Олар қосымша затсыз көмілген.



Сонымен қатар екінші кезеңге жататын үш түрлі жерлеу құрылысы зерттелді. Ең үлкені – қаланың шығыс бөлігі қам кірпіштен салынған. Сақталған диаметрі 38,5, биіктігі 8,4 м.. Оның іші бір-біріне өтетін дәліздері бар төрт бөлмеге бөлінген. Олардың аумағы бірдей 6×6 м, ұзындығы 10 м, ені 1,7 м. Бөлменің іргелерінен бірқатар алтын әшекей бұйымдар табылды. Олардың ішіндегі бірнеше үш қырлы қола және темір жебе ұштары, темір пышақ, тотығып кеткен қанжарлар мазардың шамамен б.з.б. 4 ғасырдың аяғы немесе б.з.б. 4–3 ғасырлар аралығында салынғанын көрсетеді. Бұл жерде табылған аса бір құнды бұйым ауыр қаруланған жауынгер (катафрактарий) сауытының бір бөлігі.

Осы темір пластиналар арқылы сақ-апасиак жауынгерінің сауытын жаңғыртуға мүмкіндік туды. Зерттелген екінші мазар кішірек шаршы (19,5×19 м) бейнелі, сыртқы қабырғасының қалыңд. 5–5,5 м., қам кірпіштен соғылған. Табылған темір садақ ұшы мен керамика сынықтары бұл мазардың шамамен б.з.б. 3–2 ғ-ларда салынғанын көрсетеді. Жерлеу құрылыстарының үшінші түрі қаланың нақ ортасындағы үлкен обалар арасындағы ашық алаңнан табылды. Жер үстінде диаметрі 18–20 м., тереңдігі 0,5 м-ге жететін таяз шұңқырлар байқалып, соның екеуі зерттелді. Біріншісінде тереңдігі 5 м-ге жуық төртбұрышты қабір шұңқырының шығыс және батыс жағынан катакомбаға ұқсас жерлеу камералары салынып, аузын қам кірпіштермен өріп бекіткен. Ішінен үш адамның сүйегі табылды. Оның бірі белінде белбеуі, оған ілінген ұзын темір семсері мен пышағы бар ер адам, одан әрі іргеге қарай бір әйел және ер адам бірінің үстіне бірі қойылыпты. Бәрі де қымбат бұйымдармен әшекейленіп жерленген.

Сондай-ақ оба ішінен тас, алтын моншақтар, жапсырмалар, т.б. табылды. Олардың ең құндысы – жауынгердің бас жағына қойылған керамика ыдыстың бүйіріндегі бес таңбадан тұратын жазу мен шебердің өзіндік белгісі. Бұл жазу Сыр бойынан табылған б.з.б. 4–2 ғ-лардағы ең көне жазу үлгілерінің бірі. Әлі оқылмаған. Дегенмен, көне соғды жәнеЕсік обасынан табылған жазуларға ұқсас. Қалған қабірлер түгел тоналған, қабірдегі адам сүйектері мен заттар шашылып қалған. Шірік-Рабат қазбалары Тұран ойпатын б.з.б. 1-мыңжылдықта мекендеген сақ, массагет тайпаларының мәдениеті мен шаруашылығының Оңтүстік Хорезм, одан арғы Ахемен әулеті билеген парсы елдерімен тығыз байланыста өрбіп, аса жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Қазіргі кезде көп бөлмелі үйдің 300 м.$^2$ алаңы аршылған. Қазылған жерден төрт бөлме шықты. Олардан

әр түрлі деңгейде хумдар, көзелер, құтылар, сырты мен іші шыны бояумен сырланған ыдыс сынықтары, ошақ, тандыр және ташнау табылды. Бұл заттардың жасалу мерзімі шамамен 9–12 ғасырлар.

Шірік-Рабат – көне қаланың орны. Шамамен б.з.б. 4–2 ғасырлар және б.з. 10–13 ғасырлар аралығында өмір сүрген. Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Көмекбаев ауылынан (Жаңақала кеңшары) оңтүстік-батысқа қарай 100 км. жерде, Жаңадария арнасының сол жақ жағалауындағы ең биік төбенің үстіне орналасқан.

1946 жылы Хорезм археологиялық және этнографиялық экспедиция (жетекшісі С.П. Толстов) тауып, 1948–49 жылдары қайта зерттеген. 1957–58 жылдары қазба жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде екі жерлеу құрылысы, үлкен қоршау, көне қорған түбіндегі тұрғын үйдің бір бөлігі, қорғаныс қамалы мен мұнарасы және кейінгі ортағасырлық кезеңдегі Цитадельдің шағын бөлігі зерттелді.

2004 жылдан мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына сай Шірік-Рабат археологиялық экспедиция (жетекшісі Ж.Құрманқұлов) зерттеуді жалғастыруда. Төбенің аумағы 850×600 м, сопақша. Етегі екі қатар дуалмен және ені 30–40 м., тереңдігі 3–4 м. ормен қоршалған. Қорғанға кірер қақпалар оңтстік мен батыс жағында. Қала бірнеше рет қайта тұрғызылған. Ең көне кезеңде (б.з.б. 4–3 ғасырлар) төбенің биік жеріне сол жерді мекен еткен патшалар жерленген 6 оба мен сыртын топырақтан үйген қорған салынған. Оңтүстік жағында жаугершілік кезде паналайтын және обаларды қорғаушылар тұрған бекініс-үйлер болған. Сәл кейінірек б.з.б. 3–2 ғасырларда қам кірпіштен өрілген үлкен сағана және бірнеше мазарлар мен жер асты катакомбалары салынған. Бірақ б.з.б. 2 ғ-да Жаңадария суының тартылуына байланысты қала өз тіршілігін тоқтатқан. Тек б.з. 9–13 ғасырлар аралығында өзен суы толысып, қайта жанданды. Қазба жұмыстары кезінде табылған жерлеу құрылыстары өте ерте заманда тоналған. Қазылған бірінші обаның биіктігі 3,5 м, диаметрі 60 м-ге жуық, ортасындағы диаметрі 30 м-ге жуық үлкен шұңқыры бар.

Обаның ортасынан аумағы 7,5×7,5 м., тереңдігі 2,5 м. қабір шұңқыры мен оңтүстік жағынан оған кіретін ұзын дәліз (ұзындығы 15 м.) табылды. Қабір ішінен жалпақ темір семсер, үш қырлы ұңғылы қола жебе ұшы, жарты цилиндр тәрізді алтын бұйым табылды. Бұл заттар обаның көне екендігін, яғни б.з.б. 5–4 ғасырларда салынғанын көрсетеді. Сырт жағынан дәліздің басталар тұсынан орта ғасырларда жерленген 10 адамның қабірі аршылды. Олар қосымша затсыз көмілген. Сонымен қатар екінші кезеңге жататын үш түрлі жерлеу құрылысы зерттелді. Ең үлкені – қаланың шығыс бөлігі қам кірпіштен салынған. Сақталған диаметрі 38,5, биіктігі 8,4 м. Оның іші бір-біріне өтетін дәліздері бар төрт бөлмеге бөлінген.

Қаланың аумағы бірдей 6×6 м., ұзындығы 10 м., ені 1,7 м. Бөлменің іргелерінен бірқатар алтын әшекей бұйымдар табылды. Олардың ішіндегі бірнеше үш қырлы қола және темір жебе ұштары, темір пышақ, тотығып кеткен қанжарлар мазардың шамамен б.з.б. 4 ғасырдың аяғы немесе б.з.б. 4–3 ғасырлар аралығында салынғанын көрсетеді. Бұл жерде табылған аса бір құнды бұйым ауыр қаруланған жауынгер (катафрактарий) сауытының бір бөлігі. Осы темір пластиналар арқылы сақ-апасиак жауынгерінің сауытын жаңғыртуға мүмкіндік туды. Зерттелген екінші мазар кішірек шаршы (19,5×19 м.) бейнелі, сыртқы қабырғасының қалынд. 5–5,5 м., қам кірпіштен соғылған. Табылған темір садақ ұшы мен керамика сынықтары бұл мазардың шамамен б.з.б. 3–2 ғ-ларда салынғанын көрсетеді. Жерлеу құрылыстарының үшінші түрі қаланың нақ ортасындағы үлкен обалар арасындағы ашық алаңнан табылды.

Жер үстінде диаметрі 18–20 м., тереңдігі 0,5 м-ге жететін таяз шұңқырлар байқалып, соның екеуі зерттелді. Біріншісінде тереңдігі 5 м-ге жуық төртбұрышты қабір шұңқырының шығыс және батыс жағынан катакомбаға ұқсас жерлеу камералары салынып, аузын қам кірпіштермен өріп бекіткен. Ішінен үш адамның сүйегі табылды. Оның бірі белінде белбеуі, оған ілінген ұзын темір семсері мен пышағы бар ер адам, одан әрі іргеге қарай бір әйел және ер адам бірінің үстіне бірі қойылыпты.

Бәрі де қымбат бұйымдармен әшекейленіп жерленген. Сондай-ақ оба ішінен тас, алтын моншақтар, жапсырмалар, т.б. табылды. Олардың ең құндысы – жауынгердің бас жағына қойылған керамика ыдыстың бүйіріндегі бес таңбадан тұратын жазу мен шебердің өзіндік белгісі. Бұл жазу Сыр бойынан табылған б.з.б. 4–2 ғ-лардағы ең көне жазу үлгілерінің бірі. Әлі оқылмаған. Дегенмен, көне соғды және Есік обасынан табылған жазуларға ұқсас.

Қалған қабірлер түгел тоналған, қабірдегі адам сүйектері мен заттар шашылып қалған. Шірік-Рабат қазбалары Тұран ойпатын б.з.б. 1-мыңжылдықта мекендеген сақ, массагет тайпаларының мәдениеті мен шаруашылығының Оңтүстік Хорезм, одан арғы Ахемен әулеті билеген парсы елдерімен тығыз байланыста өрбіп, аса жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Қазіргі кезде көп бөлмелі үйдің 300 м.$^2$ алаңы аршылған. Қазылған жерден төрт бөлме шықты. Олардан әр түрлі деңгейде хумдар, көзелер, құтылар, сырты мен іші шыны бояумен сырланған ыдыс сынықтары, ошақ, тандыр және ташнау табылды. Бұл заттардың жасалу мерзімі шамамен 9–12 ғасырларды қамтиды. Осы аталған маланың тақырыбында







біз М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжінің Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану мамандығының білім алушыларна арналған тәрбие сағаттарында толық анықтап зерттеп толық мәліметтерді беріп отырамыз.

**Ерболат Ақданаш Әлиқызы**
**Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану мамандығының оқытушысы**

# Актуальные проблемы нефтегазовой отрасли Казахстана и пути их решения

В настоящее время Правительство предпринимает ряд мер для решения проблем в нефтегазовой сфере Республики Казахстан. К таковым можно отнести изменение в законодательстве Республики, в части, относящейся к нефтегазовой промышленности, это инвестирование, направленное в центры нефтедобычи, транспортировки и нефтепереработки. К главным проблемам в сфере добычи, транспортировки и переработки углеводородного сырья на сегодняшний день можно отнести дефицит казахстанских специализированных кадров, небольшое количество перерабатывающих предприятий для углеводородного сырья и сравнительно малый коэффициент нефтеотдачи эксплуатируемых скважин.

**Дефицит казахстанских специализированных кадров.** Кадровый дефицит нефтяников Казахстана, ощущался практически во все времена. Сейчас, как и раньше, эту проблему решают, приглашая на руководящие должности инженеров-технологов, IT- специалистов, менеджеров из-за рубежа. Считаем, что указанная проблема непосредственно взаимосвязана с проблемами системы образования Республики Казахстан. В связи с автоматизацией нефтедобывающих и нефтеперерабатывающих предприятий используются технологий, которые позволяют снизить необходимость в присутствии человека на производстве. На ряде месторождении (Кашаган, Тенгиз) эксплуатируются, так называемые, «умные скважины», оснащенные приборами, самостоятельно управляющими и контролирующими процесс добычи и подготовки нефти. Такие установки вводятся и на модернизированных наших нефтеперерабатывающих предприятиях. Исходя из создавшейся ситуации, в этих условиях на нефтяных специальностях ЮКУ им. М.Ауэзова были разработаны совместно с работодателями новые образовательные программы (ОП), в которых изложены основные требования к компетенциям выпускаемых специалистов. За прошедший период с 2019 по 2020 год кафедрами «Нефтегазовое дело», а также «Нефтепереработка и нефтехимия» Южно-Казахстанского университета по программам обучения бакалавриата, магистратуры и докторантуры были разработаны более 10 образовательных программ (ОП), ориентированных на потребности производства. Считаю, эти ОП, отвечают нынешним требованиям, предъявляемым к специалистам для нефтегазовой отрасли. Это в определенной степени будет способствовать притоку в данную отрасль более подготовленных к современным реалиям квалифицированных кадров.



**Недостаточное количество нефтеперерабатывающих предприятий.** Еще одной проблемой является недостаток нефтеперерабатывающих заводов на территории Казахстана. В настоящее время нефть перерабатывается на 3 крупных нефтеперерабатывающих предприятий: Павлодарский нефтехимический завод (Павлодарский НХЗ); ПетроКазахстанОйл Продактш (Шымкентский НПЗ); Атырауский нефтеперерабатывающий завод (АНПЗ). Все эти предприятия в настоящее время успешно прошли модернизацию, что позволяет увеличить глубину переработки нефти и повысить качественные показатели выпускаемых топлив. При добыче ежегодно порядка 90 млн. т мощность этих заводов по переработке нефти составляет порядка 17-18 миллион тонн. Существует еще ряд мини-заводов по переработке нефти, однако, объемы и глубина переработки нефти, ассортимент выпускаемых нефтепродуктов на них очень незначителен. Несмотря на принимаемые меры по увеличению глубины переработки нефти и выпуска продукции, отвечающей требованиям стандартов Евро-4, Евро-5, по-прежнему периодически ощущается дефицит бензина, авиационного керосина и особенно дизельного топлива на отечественном рынке нефтепродуктов.

Существующая проблема, по мнению специалистов, может быть решена только путем строительства современного четвертого нефтеперерабатывающего завода. Этот завод предварительно планируется строить на территории Мангистауской области.

**Проблема низкой нефтеотдачи эксплуатируемых скважин.** Если не учитывать такие крупные месторождения Тенгиз и Кашаган, больше половины казахстанских нефтяных месторождений уже прошли пик оптимальной добычи углеводородов и являются в определенной степени отработанными. Эта ситуация в нефтедобыче также является существенной проблемой для нашей страны. Сегодня на большинстве месторождениях коэффициент извлечения нефти достаточно мал и колеблется в пределах 35 процентов. Для сравнения, в Европе тот же коэффициент составляет минимум 50 процентов. Если бы Казахстан имел возможность поднять коэффициент добычи до европейского уровня, то объем добычи углеводородов можно было бы довести до 100 и более миллионов тонн в год.

**Что же нужно сделать для достижения таких объемов нефтедобычи?**

Для начала необходимо изменить подход к теоретическим расчетам по нефтедобыче на «зрелых» скважинах. Как известно, на эксплуатируемых скважинах, в частности, на Кумкольской группе скважин, степень заводнения добываемой нефти составляет более 90 процентов. Такие скважины требуют дополнительных расходов, например, увеличение объема добычи попутной (пластовой) воды, влечет за собой проблемы увеличения объема примесей и солеотложения, что вызывает вынужденные технические остановки для устранения неисправностей оборудования. Кроме того добываемая нефть является эмульсионной, то есть обезвоживание и обессоливание этой нефти для транспортировки и переработки сопряжено с рядом трудностей. Для подготовки такой нефти необходимы технологии, при которых используются специальные химические реагенты, термическая обработка сырья и прочее.

Для понижения реальной себестоимости добычи с этих месторождений необходим особый подход к каждой из скважин и корректировка технологических программ, оптимизация механизированной нефтедобычи. При этом увеличивать коэффициент извлекаемости углеводородов нужно наиболее выгодным с финансовой точки зрения способом. Для этого просто необходимо проводить тщательные предварительные расчёты. Обычно наиболее рентабельными бывают варианты с применением новейших технологий нефтедобычи. Для анализа существующих месторождений необходимо создать экспертную группу, во главе которой должен стоять опытный технолог и менеджер, желательно приглашенный из успешной европейской или американской компании, знакомый с перспективными методами нефтедобычи. Это поможет оценить по новому существующее положение дел в казахстанской нефтегазовой отрасли, а также обеспечить передачу бесценного опыта местным специалистам, работающим совместно с руководителем экспертной группы.

Увеличить объемы добычи на месторождениях можно путем передачи отдельных малорентабельных скважин в руки небольших компаний, заинтересованных повышении нефтеотдачи ее. Такая практика применяется во многих нефтедобывающих странах, и достаточно зарекомендовала семя в настоящее время.

**Недостаточная связь ученых, занимающихся прикладными направлениями с представителями бизнеса.** Эта проблема поднималась Президентом Казахстана К.К. Токаевым на заседании Научного совета при Президенте, а также Министром науки и высшего образования РК Саясатом Нурбеком 13 апреля во время прохождения выставки научных достижений в КазНУ имени Аль- Фараби.





На выставке министру науки и высшего образования были продемонстрированы завершенные, готовые к реализации проекты ученых ЮКУ им. М.Ауэзова. Основной целью выставки явилось пути решения вопросов внедрения готовых наукоемких проектов в производство. Был представлен также проект приоритету «Геология, добыча и переработка минерального и углеводородного сырья, новые материалы, технологии, безопасные изделия и конструкции» AP14869314 «Получение химических реагентов депрессорного назначения для транспортировки парафинистой нефти». Данный проект направлен на разработку технологии получения новых композиционных реагентов депрессорного назначения для транспортировки парафинистой нефти на основе высших жирных кислот, полиолефинов и алифатических спиртов. Это позволит запустить малотоннажное производство новых отечественных депрессорных реагентов для парафинистой нефти, транспортируемой в системе нефтепроводов страны.

Считаю, что решение поставленных задач, существующих в нефтегазовом секторе очень важно для экономики Республики Казахстан, учитывая её сырьевую направленность. В связи с этим, необходимы четкие стратегии, касательно вопросов кадрового дефицита, добычи углеводородов и регулирования процессов подготовки, транспортировки и переработки. Данные стратегии должны поддерживаться и контролироваться государством, это позволит вывести экономику Казахстана на новый мировой уровень развития.

**Надиров К.С., профессор кафедры «Нефтегазовое дело» ЮКУ им. М.Ауэзова, Лауреат Государственной премии РК**

# Особенности детской анимации



Немалую роль играют и профессионально-психологические особенности детского специалиста аниматора как педагога, состоящие в возникновении и укреплении в сознании педагогических штампов и шаблонов.

В результате между устаревающим содержанием воспитания и обучения, способами и формами педагогической деятельности, с одной стороны, и новыми требованиями жизни общества - с другой, возникает противоречие.

Его разрешение осуществляется на основе анализа всех сфер жизни нашего общества, выявления новых требований к человеку и данных педагогической науки, необходимых для пересмотра содержания образования и воспитательного процесса, совершенствования форм и методов педагогической деятельности.

В профессии детского аниматора трудность состоит в том, что работать нередко приходиться с детьми разных возрастных групп и иногда одновременно. При выявлении возрастных особенностей детей и фиксации определенного периода детства учитываются анатомические показатели, особенности протекания физиологических процессов, качественные изменения роста, развитие психики эмоционально-волевой и действенно-практической сфер, степень духовно нравственной зрелости. В современных периодизациях детства отмечаются явления ускоренного физического развития детей (акселерации); их способность выдерживать значительные физические, эмоционально-психические и интеллектуальные нагрузки; духовная готовность к вступлению в многообразные социальные отношения.

Необходимо отметить, что детский аниматор, с учетом знания психологии и воспитания детей различных возрастных групп, строит свою теорию, свои подходы и методы к созданию детской анимационной программы. Возрастные особенности четко учитываются также при составлении игр и других развлечений для детей.

Каждый возрастной период детской жизни можно рассматривать как своеобразное и полноценное проявление жизненных сил. Детство и юность не только и не просто фазы становления взрослости, но и полноценные циклы осуществления жизни детской индивидуальности, личности. Такой подход требует не каждом этапе полнокровного включения ребенка во все остальные, доступные ему виды деятельности: умственную, трудовую, игровую, общественно полезную, художественную, физкультурную. При этом важно чтобы любая деятельность детей несла на себе печать творчества.

Детская анимация – это самое важное направление во всей анимационной деятельности. Главную роль в детской анимации занимает детский аниматор – это ключевая фигура, так как он должен включать в себя огромное количество качеств, умений и навыков. Он должен быть хорошим организатором, уметь предвидеть и сглаживать конфликты, неизменно возникающие в детской среде; быть спортсменом, танцором, туристом, певцом, клоуном, фокусником, массовиком-затейником, и любить детей и с уважением относиться к ним.



Детская анимация - это прежде всего творческий процесс, и ребенок может проявить себя во всех качествах, которые он не может проявить, например, в школе на занятиях или дома с родителями. Детский аниматор должен заострять внимание на одаренности детей, на их таланте и гениальности, ведь в непринужденной обстановке анимационной программы, будь то спектакль или игра, спортивная программы или мастер - класс, ребенок может проявить себя намного естественней и реальней, чем в обычной жизни. Как известно дети в игре чувствуют себя по-другому, они воспринимают игру за реальность и их переживания намного глубже и правдивее.

В процессе игровой деятельности у ребенка можно выявить качества, отличающие его от всех других детей или качества которые заложенные в ребенке от рождения, но не выявлены в процессе жизни, ни родителями, ни школьными учителями или воспитателями. Именно эти качества называются талантом, одаренностью или гениальностью, они проявляются в личности как яркие индивидуально-неповторимые творческие, интеллектуальные, эмоциональные, физические способности в той или иной сфере человеческой деятельности.



Различия в степени, качестве и направленности одаренности человека предопределены природой, генетическим фондом. Каждый нормальный ребенок одарен всеми человеческими сущностными силами и возможностью в необходимых и достаточных социальных условиях развивать их в себе. У детей сущностные силы развиваются, как правило, равномерно, совокупно, гармонично. Каждая из сущностных сил, будь то интеллект, чувства, воля, зрение и слух, абстрактное или конкретно-образное мышление, может наиболее или ярко проявиться, зависит от социального и педагогического фона, на котором происходит развитие детской личности.

При благоприятных обстоятельствах каждый ребенок может проявить себя как одаренное существо. Феноменальные же, экстраординарные способности, яркая одаренность, талант, основываются на особой организации мозга, предрасположенности к теоретическому или художественному мышлению, образного мышления и двигательных навыков; специфическом взаимодействии слуха, воображения, мышц глотки, груди легких; чувствительной и остро реагирующей нервной системе; взаимосвязи конституции организма и органов координации движения тела.

Подобные редкие явления ранней одаренности заслуживают особого внимания. Однако они не должны отвлекать педагогов и психологов от проблемы одаренности каждого нормального ребенка. Чем больше создается возможностей для творческого самопроявления всем детям, тем больше шансов обнаружения и выращивания в общей массе одаренных, редких ярких и сильных разнообразных талантов. Поэтому задача детского аниматора состоит в том, чтобы опираясь на идею всеобщей генетической одаренности детей, не только создать методику с ярко заявляющими о себе талантами, но и обеспечить деятельности для творческого самопроявления и самовыражения всем детям.

Творческие, ярко одаренные индивиды, вовлекая в круг своего общения идущих рядом, пробуждают в них творческие способности, делают социальную среду нравственно и интеллектуально чище, благоприятнее для развития человека. Детский аниматор, должен ни в коем случае не подавлять творчески развивающуюся личность, а наоборот поддерживать в ребенке веру в свои силы, в возможность достижения успеха, стимулировать здоровое самолюбие и честолюбие. Дефицит талантов объясняется не оскудением человеческой природы, а отсутствием сильных натур, способных проявить мужество, упорство, настойчивость жесткую самодисциплину в самообразовании и самовоспитании, в критическом переосмыслении общепризнанных догм, стереотипов, «незыблемых истин», в отстаивании нового.

Детский аниматор должен создавать свои программы, опираясь, прежде всего на творческий процесс. Творческая работа детей педагогически эффективна тогда, когда целесообразна с точки зрения полезной ценности, общественной значимости. Прямая цель творчества, способная вдохновить и стимулировать активную деятельность ребенка, состоит в самоутверждении путем создания материальных и духовных ценностей. Косвенная, собственно педагогическая цель детского аниматора заключается в том, чтобы в процессе целесообразной полезной деятельности детей развить их сущностные силы.

Эти цели достигаются, когда в организации детской жизни и труда широко применяются методы творческого характера. Среди них – игры с использованием детской импровизации, выдумки; дневники, сочинения, стихи, рассказы, песни, рецензии, критические статьи; анализ современных общественных событий, исторических фактов, произведений искусства и науки; участие и постановка спектаклей, активность в творческой, экономической, производственной, организаторской деятельности, в исследовательской работе. Важно также поощрение в творчестве детей, отстаивания ими своей позиции, оригинального видения мира, неординарного авторского проекта, на первый взгляд абсурдного подхода к проблеме, проявления самостоятельной мысли, подвижничества. Необходимо также поддержание в детском творческом коллективе атмосферы честной, открытой критики в сочетании с доброжелательностью и взаимопомощью.

**Тарасенко Т.В, к.п.н,**
**Жолдасбекова К.А, к.п.н, доцент**
**факультет «Культура и Искусство»**
**Кафедра «Культурная и социальная работа»**



# Қауын ұнтағы қосылған үгітілмелі печенье жасау

Ұннан жасалған кондитер өнімдері  қазіргі таңда кең таңдау алып, дамып және жоғары сапасымен ерекшеленуде. Ұнды кондитер өнімдерінің тағамдық құндылығын арттыру мақсатында түрлі жемістердің қоспасын және қоспа ұнтағын қосу арқылы құрамын байытып дайындаймыз.

Қауынның пайдалы қасиеттері - Қауын көптеген қасиеттер үшін пайдалы.

Қауынның бөлігі болып табылатын заттар серотонинді дамытуға көмектеседі, оның тағы бір атауы - «бақыт гормоны». Қауын артық салмақ, іш қату және геморроймен жақсы көмектеседі.

Көптеген пайдалы заттардың массасы бар талшықтар ас қорытуды жақсартады, ішек микрофлорасының күйі ағзаны тазартуға және жасартуға, артық салмақты жоғалтуға мүмкіндік береді. Қауын өте пайдалы, себебі ол өте таза.

- Қауын жүрек-тамыр аурулары бар науқастар үшін пайдалы. Холестеринді шығаратыны белгілі және ол холестеринді төмендететін өнімдерге жатады, яғни атеросклероздан зардап шегуі керек. Сонымен қатар, қауын - калий және басқа маңызды минералдардың қоймасы. Ишемиялық және ревматикалық науқастарға ұсынылады.

- Қауын қан айналымы жүйесі үшін пайдалы. Анемиясы бар гемоглобинді (темір мен калийдің көптігі) арттырады.

Қауын ұнтағы - Қауында A, P, C, B1, B2, E, каротин, фолий қышқылы, аскорбин қышқылының мөлшері басым болып табылады. Макро және микроэлементтерден темір, калий, магний, кальций, фосфор, натрий және т.б. бар. Ол кремнийге бай. Қауын ұнтағында артық салмақ, іш қату және геморроймен жақсы көмектеседі.

Ұннан жасалған кондитер өнімдерінің негізі ұн болып табылады, оның құрамында крахмал түріндегі көміртегі, сондай-ақ өсімдік белоктары бар. Крахмал ағзада қантқа айналады және негізгі энергия көзі қызметін атқарады, белоктар клеткалар мен тіндердің құрылуы үшін пластикалық материал болып табылады. Көптеген ұннан жасалған кондитер өнімдері қант бөліп шығарады, нәтижесінде олар тез сіңетін көміртегімен толығады. Көптеген өнімдерді дайындау кезінде пайдаланылатын жұмыртқа толыққанды белокқа, майға және дәрумендерге бай.

Үгітілмелі печеньенің тағамдық құндылығы және химиялық құрамы.



Энергетикалық құндылық немесе калориялығы – бұл адам ағзасындағы асқорыту процесі нәтижесінде тамақтану өнімдерінен бөлінетін энергия мөлшері. Өнімнің энергетикалық құндылығы 100 гр өнім есебінде кило-калорияда (ккал) немесе кило-джоульде (кДж)есептеледі.

Тағамдық құндылық дегеніміз тағамдағы көмірсулардың, майлардың және ақуыздардың мөлшері.

Тағамның энергиясы (калориялығы) тағамдық заттардан құралады (ақуыздар, майлар, көмірсулар). 1 г май – 9 ккал, 1 г көмірсу – 4 ккал, ал 1г ақуыз – 4 ккал құрайды.

Х = 4,187х(4,0х0,94+4,0х24,85) = 4,187х101,28 = 424,059 ккал.

1-кестеде үгілмелі печеньенің 100 г. тағамдық заттардың құрамы (калориялығы, ақуыздар, майлар, көмірсулар, дәрумендер және минералдар) көрсетілген.

**1 кесте –Қауын ұнтағы майы қосылған печеньеніңтағамдық калориялығы**

| Тағамдық құндылығы | Дәрумендер |
|---|---|
| Калориялығы – 424,059 кКал | Дәрумен PP – 0,6 мг |
| Ақуыздар - 6,4 гр | Дәрумен A – 0,12 мг |
| Майлар - 16,8 гр | Бэта-каротин – 0,072 мг |
| Көмірсулар - 68,5 гр | Дәрумен В 1 (тиамин) – 0,1 мг |
| Су - 6 гр | Дәрумен В2 -0,07 мг |
| Моно- және дисахаридтер – 34,1 гр | Дәрумен E – 1 мг |
| Крахмал – 34,4 гр | |
| Холестерин – 70 мг | |
| **Макроэлементтер** | **Микроэлементтер** |
| Кальций – 23 мг | Темір – 0,8 мг |
| Магний - 10 мг | |
| Натрий - 98 мг | |
| Калий - 85 мг | |
| Фосфор - 65 мг | |



X = 4,187x(4,0x0,94+4,0x24,85) = 4,187x101,28 = 424,059 ккал.

Үгілмелі печеньенің энергиялық құндылығы 451 кКал құрайды.

Біз жаңа комбинацияларды, дәмдерді, көбірек жемістерді немесе жемістердің екі түрін қосу немесе жемістер мен тұқымдарды қосу және т.б. жасай аламыз.

Біз білетін печеньелердің барлық түрлерінің ішінде ең көп таралғаны үгітілмелі печенье және шырынды және ішіндегі ингредиенттері көп немесе аузымызда еритін сұйық шоколады бар бомба печеньелері.

Кептірілген жемістер - бұл өте пайдалы өнімдер. Олардың химиялық құрамы пайдалы заттардың көп болуы (А, С дәрумендері, В, Р топтары, минералдар - кальций, йод, натрий, фосфор, темір, магний, калий және т.б.). Кептірілген жемістерді неғұрлым жиі жесеңіз, соғұрлым жақсы, әсіресе маусымаралық кезеңде, көктем мен күзде.Дәрігерлер барлық адамдарға кептірілген жемістерді жеуге кеңес береді, бірақ әсіресе депрессия, авитаминоз, анемиямен ауыратындарға. Кальцийдің болуына байланысты бұл тағамдар шаштың, тырнақтың және сүйектердің сау болуына ықпал етеді. Магний жүрек-тамыр, жүйке жүйесіне оң әсер етеді, талшық ас қорыту жолдарының жұмысын жақсартуға көмектеседі.Шын мәнінде, кептірілген жемістер химиялық заттарға бай, бірақ дәрумендер мен қоректік заттарға көп емес, дүкеннен сатып алынған жаңа піскен жемістерге пайдалы балама болып табылады.

Кептірілген жемістермен қарапайым печенье

Сізге қажет: 200 г маргарин/май, 2 кесе ұн мен жұмыртқа, ½ кесе қант, 3 кесе кез келген кептірілген жемістер (құрма, інжір, кептірілген өрік, қара өрік, мейіз), жаңғақтар.

Өте қарапайым кептірілген жеміс печеньесін дайындауда бөлме температурасында сары майды немесе маргаринді жұмсартып, ұнмен ұнтақтаңыз - сіз майлы үгінді аласыз, оған жұмыртқаны ұрып, қамыр илеңіз. Қамыр пластикке айналуы керек, оны суықта 20 минут бойы алып тастау керек. Барлық кептірілген жемістерді шайыңыз, оларды алдын ала жылы суға батырғаннан кейін, тұқымдарды алып тастаңыз, егер бар болса, ұлкендерін ұсақтап тураңыз немесе ет тартқышта барлығын бұраңыз. Қамырды екі бөлікке бөліп, қалыңдығы 1,5-2 мм қабатпен жайыңыз. 8-10 минут бойы төртбұрыштап кесіңіз. Қамырдың екінші жартысымен де солай жасаңыз. Әрқайсысының ортасына 1 шай қасық салыңыз. кептірілген жеміс салмасы, қамырдың төртбұрышты бұрыштарын жоғары көтеріп, оларды салманың үстінен шымшу керек, бүйірлерін қыспай - салмасы көрінеді. Печеньелерді 180 градусқа дейін қыздырылған пеште қызарғанша пісіріңіз.

Дұрыс және тиімді тамақтану – денсаулық негізі екенін ұмытпайық!

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Тамақ инженериясы» кафедрасының аға оқытушысы Ешімбетова Б.Т., т.ғ.к., доцент Нурсеитова З.Т., оқытушы Қасымбекова Ғ., аға оқытушы Ешаева Э.Б.**



**Меншік иесі: Коммерциялық емес Акционерлік қоғам «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»**
**Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 451-Г куәлігі берілген Астана қаласы, 10 қараша 1998ж.**

**Редакциялық кеңес:**
**Қожамжарова Дария Пернешқызы - М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы-Ректор**
**Нұрманбетов Қайрат Энбекшиевич - бірінші проректор**
**Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы - қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор**

**Дизайнер:** Наиля Заббарова

Редакция мекенжайы:
**Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5, бас ғимарат, 2 қабат, 263 каб.,**
gazeta@auezov.edu.kz